



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ



**Ақша-кредит саясаты туралы**

**БАЯНДАМА**

**2023 АҚПАН**

## МАЗМҰНЫ

---

<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ</b>	<b>4</b>
<b>I. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛДЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ</b>	<b>7</b>
1.1. Болжамның алғышарттары	7
1.2. Базалық сценарий бойынша экономикалық даму динамикасы	11
1.3. Болжамның балама сценарийлері	14
1.4. Орта мерзімді перспективадағы тәуекелдер	16
1.5. Төлем балансының ағымдағы шотының болжамы	17
<b>II. АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ</b>	<b>21</b>
2.1. Базалық мөлшерлеме бойынша шешімдер	21
2.2. Ақша ұсынысы	22
2.3. Ақша нарығы	22
2.4. Валюта нарығы	23
2.5. Қор нарығы	25
2.6. Депозит нарығы	26
2.7. Кредит нарығы	29
<b>III. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР</b>	<b>33</b>
3.1. Сыртқы сектор	33
3.2. Ішкі экономиканың дамуы	36
3.3. Еңбек нарығы	41
3.4. Инфляция	45
3.5. Фискалдық саясат	50
<b>НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН ҰҒЫМДАР</b>	<b>55</b>
<b>НЕГІЗГІ ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ</b>	<b>58</b>
<b>БОКСТАР</b>	
1-бокс. Пандемиядан кейін Қытай шекарасының ашылуының Қазақстан экономикасына әсері	34
2-бокс. Әлемде және Қазақстанда электрондық сауданың дамуы: инфляциялық процестерге және монетарлық саясатқа әсері	43
3-бокс. 2022 жылы динамикалық факторлық модель арқылы инфляция факторларын бағалау	48
4-бокс. Орташа кіріс тұзағы	52



**Ақша-кредит саясаты туралы баяндама** Ұлттық Банктің тоқсандық басылымы болып табылады, онда инфляцияға әсер ететін негізгі макроэкономикалық факторлардың талдауы, сондай-ақ макроэкономикалық өлшемдердің қысқа мерзімді және орташа мерзімді перспективадағы болжамы қамтылады.

Құжат Ұлттық Банктің ресми интернет-ресурсында қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде электрондық нұсқада жарияланады.

Макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамы мен талдауы **2023 жылғы 15 ақпандағы** жағдай бойынша статистикалық ақпарат негізінде дайындалды.

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҰЛТТЫҚ БАНКІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ



Ұлттық Банктің Ақша-кредит саясаты комитеті базалық мөлшерлемені +/-1 п.т. дәлізімен 16,75% деңгейінде сақтау туралы шешім қабылдады. Қабылданған шешім елдегі инфляциялық процестерді баяулатуға, орта мерзімді перспективада инфляцияны тұрақтандыруға және нысаналы мәндерге дейін төмендетуге ықпал ететін болады.

Инфляциялық процестер салыстырмалы тұрақтануына қарамастан, тұрақты ішкі сұраныстың, логистикалық және өндірістік тізбектердің қайта құрылуының,

фискалдық саясатты ынталандыратын, сондай-ақ жоғары және тұрақсыз инфляциялық күтулердің салдарынан жоғары деңгейде қалыптасады. Инфляцияның айлық көрсеткіштері бәсеңдеуіне қарамастан, орташа тарихи мәндерден жоғары қалыптасуда. Халықтың инфляциялық күтулерін бағалау қазіргі инфляциялық ортаны халық әлі де жоғары деңгейде қабылдайтынын көрсетеді. Олардың төмендеу белгісі әлі де қалыптаспаған. Бұл инфляцияның тез баяулауына кедергі келтіреді.

Қазақстан экономикасының өсу қарқыны Ұлттық Банктің күткен болжамынан асып, жеделдеді. Қызмет көрсету секторында айтарлықтай жеделдеуімен экономиканың барлық салаларында оң динамика байқалады.

Сыртқы ахуал анағұрлым қолайлы дамуда, жаһандық рецессия қаупі төмендеді. Көптеген елде, оның ішінде Қазақстанның сауда әріптес елдерінде инфляциялық процестердің баяулауы байқалады. Бұған шикізат және тауар нарықтарындағы қысымның төмендеуі, сондай-ақ жеткізу тізбектері жағдайының жақсаруы ықпал етеді. Әлемдік мұнай нарығында орташа оң динамика күтілуде. 2023 жылы әлемдік сұраныстың өсуі күтілуде, оның үстіне Қытай пандемиядан кейінгі шекарасының ашылуына байланысты бұл өсімге үлкен үлес қосады.

Жаңа сценарий шарттары, сондай-ақ сыртқы және ішкі факторлар ескерілген инфляция болжамдары шамалы төмендеу жағына қайта қаралды. Жылдық инфляция 2023 жылы 9-12%, 2024 жылы 6-8% және 2025 жылы 4-6% шегінде қалыптасады. Бұл ретте 2023 жылы Қазақстандағы фискалдық ынталандыру мен сауда әріптес елдердегі инфляция динамикасына қатысты белгісіздік болжам ауқымы кеңейтілді.

Инфляция болжамдарының жақсаруы ФАО-ның дәнді дақылдарға қатысты индексінің болжамды төмендеуіне, Қазақстандағы астық өнімінің мол алынуына, теңгенің нақты айырбастау бағамының нығаюына, сондай-ақ алдыңғы болжамды раундта белгілеген көрсеткіштерге қарағанда, миграциялық шоктың көрсетілетін қызметтерге бірқалыпты әсеріне байланысты.

Сауда әріптес елдерінің экономикалары біртіндеп қалпына келген кезде мұнай өндіру және экспорттау бойынша анағұрлым оң күтулерге байланысты да Қазақстан экономикасының өсуі жөнінде болжамдар жақсартылды. Алдағы үш жылда ЖІӨ өсімі 3,5-4,5% деңгейінде күтілуде.


Ішкі сұраныстың тұрақты өсуі ынталандырушы мемлекеттік шығыстарымен және мұнайдың қолайлы бағасымен қамтамасыз етіледі.

Сыртқы орта болжамының тәуекелдері геосаяси жағдайдың белгісіздігі мен азық-түлікке әлемдік бағаның жоғары болуына байланысты сақталуда. Сыртқы ортаның инфляциялық тәуекелдері мемлекеттік бюджет шығыстарының өсуіне, рубльдің әлсіреуіне және санкцияларға қатысты Ресейдегі инфляцияның айлық көрсеткіштерінің жеделдеуіне байланысты.

Ел ішіндегі проинфляциялық факторлар жанар-жағармай нарығында тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығының реттелетін қызметтеріне тарифтердің қазіргі реформаларына байланысты. Осы реформаларды іске асыру әсері тауарлар мен қызметтердің кең ауқымына бағаның өсуін жеделдетуі мүмкін. Бұл факторлар базалық сценарийдің алғышарттарында көрсетілмегенін атап өтемін. Сондықтан, тәуекелдердің іске асырылуы біздің болжамымызды өзгертуі мүмкін.

Ұлттық Банк ағымдағы жағдайларды ескере отырып, 2023 жылғы бірінші жартыжылдықта базалық мөлшерлемені ағымдағы деңгейде ұстап тұру қажет деп санайды. Бұл инфляцияны тұрақтандыру және оны орта мерзімді перспективада біртіндеп төмендету үшін қажет.

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы**  
**Ғалымжан Пірматов**




01

# МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛДЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

## I. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ АХУАЛДЫҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

1-график. Қытайдың, ЕО-ның, Ресейдің ЖІӨ нақты мәнінде өсу қарқыны, ж/ж, %



Дереккөзі: Eurostat, National Bureau of Statistics of China, Rosstat, Consensus Ecs., РФ ОБ, ҚР ҰБ бағасы

### 1.1. Болжамның алғышарттары

Алдыңғы «қараша-желтоқсан 2022» болжамды кезеңімен салыстырғанда сыртқы ахуал біршама жақсарды. Атап айтқанда, өткен жылдың соңына қарай көптеген елдерде инфляциялық қысым ұзақ уақыт ішінде алғаш рет біршама әлсіреді. Бұл, бір жағынан, орталық банктердің мөлшерлемелерді өсіру қарқынының төмендеуіне ықпал етті, ал екінші жағынан, өнеркәсіп секторы мен қызметтердегі белсенділікті аздап арттырды. Сонымен қатар, Қытай Covid-19-ға нөлдік төзімділік саясатынан бас тартқанын жариялады, ал ЕО елдерінде энергетикалық дағдарыстың әсері бірқалыпты болды. Нәтижесінде, 2022 жылдың екінші жартыжылдығында бірқатар ірі экономикалардың өсу қарқыны бұрын болжанғаннан гөрі тұрақты болды. ХВҚ-ның қазіргі жағдайының біршама жақсаруына байланысты 2023 жылға арналған жаһандық экономиканың өсу болжамын 2,7%-дан 2,9%-ға дейін көтерді. 2024 жылы өсу 3,1%-ға дейін жеделдейді деп күтілуде.

Әлемдік экономиканың неғұрлым пессимистік сценарий бойынша дамуы жоққа шығарылмайды. Негізгі тәуекелдердің қатарында бұрынғысынша әлемдегі жоғары инфляцияның ұзақ сақталуы және онымен байланысты ірі орталық банктердің қатаң монетарлық саясаты, Қытайдағы коронавирус жағдайының кенеттен нашарлауы, сондай-ақ әлемдегі геосаяси оқиғалардың өршуі әлі қаралады.

ЕО экономикасы 2023 жылы болжанып отырған жоғары инфляция, ЕОБ-тың қатаң ақша-кредит саясаты мен АҚШ-та және әлемде өсудің күтілетін баяулауы аясында 0,2%-ға (ж/ж) дейін баяулайды. Ең ірі еуропалық экономикаларда (Германия, Франция, Италия және Нидерланд) рецессия болуы мүмкін. 2024-2025 жылдары өсім айтарлықтай баяу болады деп күтілуде (1-график). Болжамды аралықта ЕО экономикасы үшін негізгі тәуекелдердің бірі ретінде ресейлік жеткізілімдерден бас тарту, басқа өңірлерден жеткізілімдердің іркілісі және әдеттегіден суық ауа райы жағдайларынан бас тартуға байланысты табиғи газ бен басқа да энергия тасымалдаушыларының жетіспеушілігі қарастырылады.


Қытай экономикасы ұзақ карантиннен кейін 2023 жылдың бірінші жартыжылдығында қысымға ұшырайды деп күтілуде. Жаңа жағдайларға бейімделуіне қарай жағдай едәуір жақсарады. Ішкі сұраныс өсудің негізгі қозғалтқышы болады.

Бұл ретте экспортталатын өнімге әлемдік сұраныстың әлсіздігі, жылжымайтын мүлік нарығында сақталып отырған проблемалар, инвестициялық белсенділіктің төмендігі және батыс елдерінде протекционистік саясаттың ықтимал күшеюі тежеуші ықпал ететін болады. Жалпы, 2023 жылы өсу 3,0%-дан (ж/ж) 2022 жылы 4,6%-ға (ж/ж) дейін, ал 2024 жылы 5,3%-ға дейін жеделдейді деп күтілуде. 2025 жылға қарай әлеуетті деңгейлерге қайта оралу күтілуде (1-график). Ресей экономикасы бойынша болжамдар айтарлықтай өзгерген жоқ. Сонымен қатар, ағымдағы жылы экономика болжанғандай тез қысқармайды деп күтілуде. Бұл көбінесе экспорт пен мұнай өндірудің неғұрлым бірқалыпты қысқаруымен қамтамасыз етілетін болады. Бюджет шығыстарының күтілетін өсуі де біршама оң серпін беруі тиіс. Негізгі тежеуші факторлар санкциялық режим, шиеленісті еңбек нарығы және әлсіз тұтынушылық сұраныс болады. Осылайша, 2023 жылға арналған болжам (-2,6%) (ж/ж) құрады. 2024 жылы жаңа жағдайларға бейімделуге байланысты Ресей экономикасы 2,0% (ж/ж), ал 2025 жылы 1,4% (ж/ж) ұлғаяды (1-график).

Орталық банктердің жүргізіп отырған монетарлық саясатының салдарынан әлемдік экономика өсуінің күтілетін баяулауымен және тиісінше сұраныстың әлсіз динамикасымен бірге жаһандық инфляциялық қысым біртіндеп баяулайды. Бірақ осыны ескере отырып та, көптеген елдерде инфляция сол жоғары деңгейде қалатын болады. ХВҚ болжамы бойынша, жаһандық инфляция 2022 жылғы 8,8%-дан 2023 жылы 6,6%-ға дейін және 2024 жылы 4,3%-ға дейін баяулайды. Дамыған елдерде инфляцияның 4,6% (ж/ж) дейін, ал 2024 жылға қарай 2,6% (ж/ж) дейін баяулауы болжанып отыр. Дамушы елдерде инфляция неғұрлым жоғары мәндерде қалыптасатын болады. 2023 жылға болжам 8,1% (ж/ж), 2024 жылға - 5,5% (ж/ж) құрады.


ЕО-да инфляция барлық болжамды аралықта жоғары болады деп күтілуде. Шарықтау шыңы биылғы жылдың бірінші тоқсанына келеді. Одан әрі оның 2023 жылдың соңына қарай 3,5% (ж/ж) дейін, ал 2024 жылдың соңына қарай 2,3% (ж/ж) дейін біртіндеп баяулауы күтілуде. Таргетке қол жеткізу 2025 жылдың ортасынан әрі болжануда. Қытайдағы инфляция бойынша болжамдар сол деңгейде қалды.

2-график. Қытайдағы, ЕО-дағы, Ресейдегі инфляция, ж/ж, %




Дереккөзі: Eurostat, National Bureau of Statistics of China, Росстат, РФ ОБ, Consensus Ecs., ҚР ҰБ бағасы

### 3-график. Әлемдік мұнай нарығының динамикасы




Дереккөзі: EIA

### 4-график. Мұнайды әлемдік тұтыну, ж/ж



Дереккөзі: EIA

### 5-график. Мұнайды әлемдік өндіру, ж/ж, %



Дереккөзі: EIA

Ресейде, болжамдарға сәйкес, қысымға түскен тұтынушылық сұранысқа байланысты инфляция 2023 жылдың екінші жартысында күрт бәсеңдейді және жыл соңына қарай 5,0% (ж/ж), 2024 жылы - 4,0% (ж/ж) құрайды (2-график) (1-кесте).

Әлемдегі инфляциялық үдерістердің баяулауы нәтижесінде бірқатар ірі орталық банктер 2022 жылдың аяғында мөлшерлемелердің өсу қарқынын бәсеңдетті. Ағымдағы жылдың көктемінде АҚШ ФРЖ негізгі мөлшерлемені жылдық 5,0-5,25%-ға дейін көтереді деп күтілуде, содан кейін әрі қарай өсу уақытша тоқтатылады. Нарық қатысушылары ФРЖ саясатын жеңілдету ағымдағы жылдың соңында басталуы мүмкін деп күтуде. Өз кезегінде, ЕОБ ағымдағы бағалардың неғұрлым жоғары деңгейіне байланысты АҚШ ФРЖ-ға қарағанда анағұрлым агрессивті саясат жүргізетін болады.

Әлемдік мұнай нарығының одан әрі даму болжамдары тұтастай алғанда қалыпты оң деп бағаланады. EIA 2023 жылы Brent маркалы мұнай бағасы орташа есеппен барреліне 83,6 АҚШ долларына дейін төмендейді деп болжайды. 2024 жылы құлдырау жалғасады, бағасы жылына орта есеппен барреліне 77,6 АҚШ долларын құрайды. Бағаның күтілетін төмендеуі мұнай өндірудің (негізінен АҚШ, Канада, Бразилия, Гайана, Норвегия есебінен), оны тұтынуға (негізінен Қытай және Үндістан есебінен өсуі) қарағанда жылдам өсуіне байланысты болады. Болжамды профицит 2023 жылы тәулігіне 0,6 млн баррельге дейін, ал 2024 жылы тәулігіне 0,4 млн баррельге дейін ұлғаюы мүмкін (3-график).

Қытай экономикасын қалпына келтіру перспективаларының жақсаруына байланысты мұнайға әлемдік сұраныс бойынша болжамдар жақсарды. Халықаралық ұйымдар 2023 жылы мұнайға деген сұраныс рекордтық деңгейге жетеді деп күтуде. Бұл ретте күтілетін өсімнің жартысына жуығы, тіпті елді пандемиядан кейін қалпына келтіру траекториясы мен жылдамдығы әлі де белгісіз болып отырса да Қытайға тиесілі. Мұнайды тұтынудың өсуіне Үндістан мен АҚШ қосымша үлес қосатын болады. (4-график).

Мұнай өндіру бойынша болжамдар да ұлғайту жағына қарай аздап қайта қаралды. Болжамды аралықта АҚШ, Канада, Бразилия және Гайана негізгі өсім драйверлері болады деп күтілуде. Ресей мұнай өндірісі 2023 жылы 2022 жылмен салыстырғанда тәулігіне орта есеппен 1 млн баррельден төмен болады.

Күтілетін қысқарту, бір жағынан, енгізілген эмбарго, ал екінші жағынан, мұнай өндірудің ерікті түрде қысқаруымен түсіндіріледі. ОПЕК елдерінде Сауд Арабиясы мен БАӘ тарапынан мұнай өндіру өсімінің жеделдеуі күтілуде (5-график).

Базалық сценарийге сәйкес, Brent маркалы мұнай бағасы бойынша 2023 жылы оны ағымдағы деңгейден барреліне 90 АҚШ долларына дейін біртіндеп арттыру көзделген. Мұнайдың орташа бағасы 2023 жылы бір баррель үшін 87,7 АҚШ долларын құрап, 2024 жылы біртіндеп 85 АҚШ долларына дейін төмендейді. Оптимистік сценарий кезінде Brent маркалы мұнайдың бағасы барреліне 110 АҚШ долларын, ал пессимистік сценарий кезінде барреліне 50 АҚШ долларын құрайды (6-график) (2-кесте).

1-кесте. Базалық сценарий бойынша болжамдардың алғышарттары

	2022	2023	2024	2025
<b>ЖІӨ, ж/ж, %</b>				
Қытай	3,0 (3,2)*	4,6 (4,5)	5,3 (5,0)	4,7 (4,6)
ЕО	3,4 (3,1)	0,2 (0,1)	1,6 (2,1)	2,0 (2,3)
Ресей	-2,5 (-2,9)	-2,6 (-3,1)	2,0 (2,0)	1,4 (1,4)
<b>Инфляция, ж/ж, %</b>				
Қытай	1,8 (2,9)	2,1 (2,2)	2,2 (2,2)	2,2 (2,2)
ЕО	11,0 (10,5)	3,5 (3,0)	2,3 (2,1)	1,7 (1,8)
Ресей	12,2 (12,5)	5,0 (5,0)	4,0 (4,0)	4,0 (4,0)

Дереккөзі: Consensus Ecs болжамдары, ҚРҰБ есептеулері

\* - жақшада «2022 жылғы Қараша-Желтоқсан» болжамды раунды шеңберінде алдыңғы болжам көрсетілген


2-кесте. Мұнай бағасы бойынша болжамдардың алғышарттары

	2022	2023	2024	2025
Пессимистік сценарий	100,8	58,6 (53,6)*	50,0 (50,0)	50,0 (50,0)
Базалық сценарий		87,7 (89,9)	85,0 (85,2)	77,3 (78,8)
Оптимистік сценарий		103,6 (108,6)	110,0 (110,0)	110,0 (110,0)

Дереккөзі: ҚРҰБ есептеулері


\* - жақшада «2022 жылғы Қараша-Желтоқсан» болжамды раунды шеңберінде алдыңғы болжам көрсетілген

6-график. Brent мұнай бағасы бойынша сценарийлер, барреліне АҚШ доллары



Дереккөзі: EIA, ҚРҰБ есептеулері

7-график. ЖІӨ, ж/ж, %



Дереккөзі: ҚРҰБ болжамы, 80%, 60%, 40%, 20% деңгейіндегі перцентилдер

## 1.2. Базалық сценарий бойынша экономикалық даму динамикасы

Ағымдағы жылы экономикалық өсу қарқыны бойынша болжамды бағалау өткен болжамды раундпен салыстырғанда қайта қаралды. Қайта қарау үшін негізгі алғышарттары мұнай өндіру көлемі бойынша неғұрлым жоғары бағалар, сондай-ақ неғұрлым елеулі фискалдық импульс болды.

Алдыңғы болжамды раунд шеңберінде мұнай өндірудің қысымға түскен көлеміне, сыртқы сұраныстың әлсіреуіне байланысты 2023 жылдың басында экспорттың өсуі әлсіз болады, осылайша экономиканың қалыпты өсу қарқынының сақталуына ықпал етеді деп күтілген болатын. Сонымен қатар, 2023 жылдың басында мұнай өндіру көлемінің әлеуетті деңгейге белсенді түрде қайтарылуы байқалады.

Биылғы жылы мұнай мен газ конденсатын өндіру көлемі 2022 жылға қарағанда жоғары болады деп күтілуде. Болжамдарды әзірлеу шеңберінде 2023 жылы мұнай мен газ конденсатын өндіру 90,5 млн тонна көлемінде бағаланады, бұл Энергетика министрлігінің айтылған жоспарларына сәйкес келеді. Бұдан басқа, ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру және мемлекеттік шығыстардың әлеуметтік бағыттылығын қолдау қажеттілігі аясында фискалдық серпін арттыру жағына қайта қаралды. **Нәтижесінде 2023 жылдың қорытындысы бойынша ЖІӨ нақты өсімі 3,5-4,5% шегінде күтілуде (7-график).**

2023 жылы ЖІӨ-нің барлық құрауыштарының тарапынан экономиканың өсуіне оң үлес қосылады деп күтілуде. Тұтынушылық сұраныс нақты жалақы мен халықтың нақты кірісінің өсуі аясында оң серпінді көрсететін болады. 2023 жылы кірістің өсуіне бюджет секторының жекелеген қызметкерлеріне еңбекақыны көтеру, ең төменгі жалақының өсуі, сондай-ақ зейнетақыны индексстеу оң үлес қосатын болады. Инфрақұрылымдық бағдарламаларды одан әрі іске асыру, сондай-ақ ТШО-дағы зауыт жобасы бойынша құрылыс жұмыстарын аяқтау аясында жалпы жинақтау тарапынан орташа оң үлес күтілуде. Ипотекалық бағдарламаларды жалғастыру тұрғын үй құрылысына инвестициялардың қалыпты өсуін қамтамасыз етеді.

Ішкі сұраныс сондай-ақ 2023 жылы неғұрлым ынталандырушы фискалдық импульспен қамтамасыз етіледі, ол 2024-2025 жылдары баяу төмендейтін болады, сонымен бірге оң аймақта қалады.

Сонымен қатар, теңгенің нақты бағамының тұрақты болуы және фискалдық ынталандыру салдарынан импорт, сондай-ақ оң нақты пайыздық мөлшерлеме экономиканың өсуін шектейтін болады.


Өткен болжамды раундпен салыстырғанда 2023 жылы шикі мұнай өндірудің күтілетін неғұрлым жоғары көлеміне байланысты экономиканың өсуіне оң үлес қосатын нақты экспорт динамикасы айтарлықтай қайта қарауға ұшырады. Бұл қайта қарау 2022 жылы Қашаған кен орнында мұнай өндіру және КҚК құбыры арқылы мұнай экспорттау проблемаларын шешумен байланысты.

Орта мерзімді перспективада ЖІӨ өсуі бойынша болжамдар алдыңғы болжамды раундпен салыстырғанда айтарлықтай өзгеріске ұшыраған жоқ. 2024-2025 жылдары мұнай өндірудің өсуі жағдайында, оның ішінде Теңіз кен орнында экспорттың өсу қарқыны жоғары болып қала бермек. Бұл **2024 жылы ЖІӨ өсу қарқынын 3,5-4,5% шегінде** сақтауға себеп болады. **2025 жылы экономика** тепе-теңдік мәндерге жақын өсетін болады, сондай-ақ өсу қарқыны **3,5-4,5%** құрайды.

ЖІӨ-нің нақты деңгейінің өзінің әлеуетті деңгейінен пайыздық ауытқуы ретінде айқындалатын шығарылым алшақтығы 2023-2025 жылдар аралығында біртіндеп жабыла отырып, оң аймақта орналасатын болады. Бұл фискалдық ынталандыру аясында ішкі сұраныстың оң динамикасына, сондай-ақ мұнай өндірудің өсуіне орай экспортқа байланысты. Осылайша, шығарылымның алшақтығы экономикада проинфляциялық қысым жасайды.

**Ұлттық Банктің болжамы бойынша, 2023 жылы жылдық инфляция 9-12% аралығында қалыптасады. 2023 жылғы ақпаннан кейін инфляцияның ағымдағы мәндерден баяулауы күтіледі (8-график).**

**8-график. Инфляция, тоқсандағы орташа мәні, ж/ж, %**



*Дереккөзі: ҚРҰБ болжамы, 80%, 60%, 40%, 20% деңгейіндегі перцентилдер*

2022 жылғы күзде реттелмейтін қызметтердің нақты динамикасына әсер еткен ресейліктердің көші-қондағы күтпеген өзгерістерінің неғұрлым ертерек аяқталуына, сондай-ақ теңгенің байқалып отырған нығаюына байланысты инфляция бойынша алдыңғы бағалар төмендеу жағына аздап қайта қаралды. Бұл ретте Ресейде фискалдық ынталандыру мен инфляция динамикасының белгісіздігіне байланысты инфляцияның болжамды ауқымы біршама кеңейтілді. Сонымен қатар, бұл болжам «2023 жылғы ақпан» болжамды раунды шеңберінде Ұлттық Банк қараған тәуекелдерді іске асыруды қамтымайтынын атап өту қажет (1.4-бөлім. Орта мерзімді перспективадағы тәуекелдер, қарау үшін). Осы тәуекелдер инфляция траекториясын айтарлықтай түзете алады және ақша-кредит саясаты тарапынан тиісті әрекет етуін талап етуі мүмкін.

2023 жылғы ақпанда жылдық инфляция 20%-дан асатын деңгейде сақталады. Келесі айларда ол біртіндеп баяулай бастайды, бұл бірқатар факторлардың әсеріне байланысты болады. Мәселен, 2022 жылғы жоғары базаның біртіндеп кетуі, нақты пайыздық жоғары мөлшерлеме, азық-түлік тауарларына әлемдік бағаның біртіндеп төмендеуі, 2022 жылғы дәнді дақыл астықтың жайлы түсімі, сыртқы инфляцияның баяулауы, сондай-ақ инфляциялық күтулердің төмендеуі Қазақстандағы инфляцияның баяулауына себеп болады.

Сонымен қатар инфляциялық процестердің инерциялылығы және фискалдық ынталандыру нәтижесінде шығарылымның оң алшақтығы инфляцияның сенімді бәсеңдеуіне кедергі келтіретін болады. Осылайша, жылдық инфляция 2025 жылдың соңында өзінің нысаналы мәндеріне жақындаса да, 2023-2025 жылдары оларға жете алмайды.

Қысқа мерзімді кезеңде инфляциялық процестердің қалыптасуына азық-түлік инфляциясы негізгі үлесін қосуды жалғастырады, оның шарықтау шыңы да 2023 жылғы ақпанға тура келеді. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы өніміне әлемдік бағаның төмендеуі ауыл шаруашылығы өнімдері мен тамақ өнімдерін өндірушілердің ішкі бағаларының өсуінің баяулауына ықпал ететін болады, бұл өз кезегінде азық-түлік бағасының өсуінің баяулауына алып келеді. Екінші жағынан, логистикалық тізбектердің бұзылуы, сондай-ақ инфляциялық күтулердің құбылмалылығы аясында өндірістің жоғары шығасыларын сақтау азық-түлік инфляциясының баяулау қарқынын шектейтін болады.

Азық-түлікке жатпайтын инфляция да қысқа мерзімді кезеңде жалпы инфляцияның қалыптасуына елеулі үлес қосатын болады. Сонымен қатар, ол бәсеңдейді, бұл 2022 жылғы жоғары статистикалық базаның есебінен шығуға, әлемдік инфляциялық жағдайының біртіндеп әлсіреуіне, оның ішінде сауда серіктес елдерде, сондай-ақ инфляциялық күтулердің төмендеуіне байланысты болады.

2023 жылы ақылы қызметтің бағасы мен тарифінің өсу қарқыны да баяулайтын болады. Реттеліп көрсетілетін қызметтерге бағаның қалыпты өсуі, сондай-ақ 2022 жылы көші-қонда күтілмеген өзгеріс (тұрғын үйді жалға алу, қонақ үй қызметін көрсету, қоғамдық тамақтандыру қызметі, шаштараз және жеке қызмет көрсету орындарының қызметі, амбулаториялық қызмет) аясында қымбаттауы байқалған жекелеген қызмет түрлеріне инфляцияның тұрақтануы күтілуде.

**2024-2025 жылдары инфляцияның баяулауы жалғасады, бірақ ол әлі де нысаналы мәннен жоғары болады. 2024 жылы инфляция 6-8%, 2025 жылы - 4-6% ауқымында қалыптасады.**

Инфляция бойынша орта мерзімді бағалау төмендеу жағына қайта қаралды. Бұл неғұрлым төмен инфляциялық күтулерге, сыртқы инфляциялық қысымның біртіндеп төмендеуіне байланысты (3-кесте).

Бұдан басқа, орта мерзімді перспективада қорлардың саны жеткілікті болуы, көлік шығысы арзандауы және логистика қалпына келуі аясында дәнді дақылдардың әлемдік бағасы төмендеуі күтілуде.

Осылайша, 2022 жылғы жоғары базаның біртіндеп кетуі, нақты пайыздық мөлшерлеменің өсуі және төмендеп келе жатқан инфляциялық күтулер, азық-түлік тауарларының әлемдік бағасы біртіндеп төмендеуі, дәнді дақылдардың қолайлы түсімі, сыртқы инфляциялық аяның жеңілдеуі Қазақстанда инфляция баяулауына себепші болады. Екінші жағынан, фискалдық ынталандырудың нәтижесі ретінде шығарылымның оң алшақтығы, сондай-ақ инфляциялық процестердің бір қалыпты болуы инфляция баяулауына кедергі болады.

### 3-кесте. Базалық сценарий бойынша болжам

	2023	2024	2025
<b>ЖІӨ, ж/ж, %</b>	<b>3,5-4,5</b> (3-4)	<b>3,5-4,5</b> (3,5-4,5)	<b>3,5-4,5</b> (3,5-4,5)
<b>ТБИ, былтырғы жылғы желтоқсанмен салыстырғанда желтоқсан, %</b>	<b>9-12</b> (11-13)	<b>6-8</b> (7-9)	<b>4-6</b> (4-6)
<b>Brent мұнайы, бір жылда орташа есеппен бір баррель үшін АҚШ долларымен</b>	88	85	77

Дереккөзі: ҚРҰБ есептеулері

\* – мұнда және одан әрі жақшада «2022 жылғы қараша-желтоқсан» болжамды раунд шеңберінде алдыңғы болжам көрсетілген

### 1.3. Болжамның балама сценарийлері

**Тұрақсыз геосаяси жағдай аясында әлемдік экономиканың дамуына қатысты белгісіздік сақталуына байланысты Ұлттық Банк базалық мөлшерлеме бойынша шешім қабылдау кезінде базалық сценарийден басқа пессимистік және оптимистік басқа да баламалы сценарийлерді қарастырды.**

**Пессимистік сценарий** іске асырылған кезде мұнай бағасы біртіндеп бір баррелі үшін 50 АҚШ долларына дейін төмендеуі және оның осы деңгейде 2025 жылға дейін сақталуы көзделеді. Мұнай бағасының мұндай динамикасы ОПЕК+ мұнай өндіруді қысқарту туралы келісімнің қолданысы тоқтатылуы және ОПЕК-тен тыс елдерде мұнай өндіруді ұлғайту салдарынан мұнай өндірудің бір мезгілде жоғары деңгейі кезінде импорттаушы елдер экономикаларының теріс динамикасына (геосаяси жағдайдың күрделі болуы аясында жалғасып отырған әлемдік рецессия) байланысты мұнайға әлемдік сұраныс төмендеуіне негізделетін болады.

Пессимистік сценарий бойынша жағдай дамыған кезде Қазақстанның экспорттық тауарларына, бірінші кезекте, мұнайға деген сұраныс бәсеңдейтін болады. Мұнайдың төмен бағасымен бірге бұл фактор өндіруші салаларда іскерлік белсенділікті шектейді, бұл құрылыс, көлік, сауда және басқа да қызметтер аралас салаларына және тұтастай алғанда экономикадағы инвестицияларға теріс әсер етеді. Экономикадағы барынша төмен белсенділік халықтың табысы азаюына және тиісінше тұтыну әлсіреуіне әкеледі. Осыған қарамастан, 2023 жылдан бастап жаңа контрциклдік бюджеттік қағидалар қолданылуы шеңберінде ішкі сұраныстың мұндай динамикасы төмендейді. Нәтижесінде, **ЖІӨ өсу қарқыны 2023 жылы 2,5-3,5%, 2024-2025 жылдары 3-4% болады.**

Пессимистік сценарий кезінде базалық сценарийге қарағанда инфляция төмен қарқынымен баяулайды. Экономикадағы белсенділіктің төмендеуіне қарамастан, теңгенің неғұрлым әлсіз

нақты тиімді бағамы және барынша жоғары инфляциялық күтулер жоғары инфляциялық қысымға себепші болады. **2023 жылы инфляция 11-14%, 2024 жылы – 7-9%, 2025 жылы – 5-7% болады.**

Әлемдік экономика **оптимистік сценарий** бойынша дамыған жағдайда, мұнай бағасы бір баррелі үшін біртіндеп 110 АҚШ долларына дейін көтеріледі және болжамды келешектің соңына дейін осы деңгейде қалады деп болжанады. Мұнайды орташа әлемдік өндіру сақталған кезде геосаяси шиеленістің төмендеуі, белсенді сауда қатынастарының қалпына келуі және дамыған және дамушы елдерде инфляцияның баяулауы аясында әлемдік экономиканың неғұрлым жылдам өсуі мұнай бағасы және жалпы шикізат бағасы өсуіне ықпал ететін болады.

Шикізаттың жоғары әлемдік бағасы мен күшті сыртқы сұраныс базалық сценарийге қарағанда Қазақстандағы іскерлік белсенділікке оң әсер ететін болады. **2023 жылы экономика 4-5%-ға, 2024 жылы – 4,5-5,5%-ға, 2025 жылы – 4-5%-ға өседі.**

Оптимистік сценарий кезінде базалық сценарийге қарағанда инфляция нысаналы мәндерге қарай тезірек төмендейтін болады. Бұған теңге бағамының орнықты динамикасы мен аздаған сыртқы инфляциялық қысым ықпал етеді. **2023 жылы инфляция 8,5-10,5%, 2024 жылы – 5-7%, 2025 жылы – 3-5% шегінде қалыптасады.**

4 (а) кесте. Пессимистік сценарий бойынша болжамдар

	2023	2024	2025
<b>ЖІӨ, ж/ж, %</b>	<b>2,5-3,5</b> (1,5-2,5)	<b>3-4</b> (3-4)	<b>3-4</b> (3-4)
<b>ТБИ, былтырғы жылғы желтоқсанмен салыстырғанда желтоқсан, %</b>	<b>11-14</b> (14-16)	<b>7-9</b> (10-12)	<b>5-7</b> (5-7)
<b>Brent мұнайы, бір жылда орташа есеппен бір баррель үшін АҚШ долларымен</b>	59	50	50

4 (б) кесте. Оптимистік сценарий бойынша болжамдар

	2023	2024	2025
<b>ЖІӨ, ж/ж, %</b>	<b>4-5</b> (3,5-4,5)	<b>4,5-5,5</b> (4,5-5,5)	<b>4-5</b> (4,5-5,5)
<b>ТБИ, былтырғы жылғы желтоқсанмен салыстырғанда желтоқсан, %</b>	<b>8,5-10,5</b> (10-12)	<b>5-7</b> (6-8)	<b>3-5</b> (4-6)
<b>Brent мұнайы, бір жылда орташа есеппен бір баррель үшін АҚШ долларымен</b>	104	110	110

Дереккөзі: ҚРҰБ есептеулері

#### 1.4. Орта мерзімді перспективадағы тәуекелдер

**Алдыңғы болжамды раундпен салыстырғанда инфляцияның жеделдеу тәуекелдері аздап өсіп, сыртқы сияқты ішкі факторлар жағынан да елеулі болып қалуда (9-график).**

Геосаяси шиеленістің сақталуы және онымен байланысты әлемдегі рецессия тәуекелдерінің сақталуы Қазақстанның макроэкономикалық көрсеткіштері болжамдарының динамикасында жоғары белгісіздікке негіз болады, нәтижесінде инфляцияның өзінің болжамды мәндерінен ауытқу тәуекелдері жоғары деңгейде қалуда.


Алдыңғы болжамды раундпен салыстырғанда қысқа және орта мерзімді перспективада сыртқы инфляция импортының тәуекелі шамалы өсті. Мәселен, Ресейде, 2022 жылдың басындағы күтпеген өзгерістерден кейін бағаның төмен өсу қарқынына байланысты инфляцияның күтілген төмендеуіне қарамастан, рубльдің байқалып отырған құнсыздануы бюджет шығысы өсуі және жеткізілім көздері ауысуына байланысты экономика шығасы өсуі жағдайында бағаның одан да күшті өсуі ықтимал.

Сонымен қатар, жоғары әлемдік азық-түлік инфляциясы импортының қаупі жоғары болып қалуда. Әлемде экспорттық жеткізілімдердің біртіндеп қалыпқа келуіне және азық-түлік тауарларын өндіруге қатысты қолайлы күтулерге қарамастан, Украинада егіс алқаптарын ұзақ уақыт толық пайдаланбау, климат өзгеруіне байланысты қолайсыз ауа-райы жағдайлары орта мерзімді перспективада азық-түліктің әлемдік бағасы өсуіне себепші болуы мүмкін.

Дамушы нарықтардан дамыған нарықтардың пайдасына капиталдың әкетілу қаупі жоғары болуда. Әлемдегі артқан инфляциялық қысымның аясында дамыған елдердің орталық банктері ақша-кредит саясатын агрессивті түрде күшейтуі мүмкін, осылайша дамушы нарықтардың валюта бағамдарына қысым күшейеді.

Сонымен қатар, мұнай бағасының айтарлықтай төмендеу тәуекелі аз. Әлемдік экономиканың өсуі бойынша қалыпты оң күту мен Ресейде өндірісті бір мезгілде қысқарта отырып, әлемде мұнай өндірісін қалыпты ұлғайту әлемде мұнайдың елеулі профициті пайда болуын шамалы шектейді.

9-график. Сараптамалық тәсілге негізделген тәуекелдер картасы



Дереккөзі: ҚРҰБ есептеулері

Дегенмен, әлемдегі ықтимал рецессия мен мұнайға деген сұраныс, әсіресе Қытайдан сұраныс айтарлықтай төмендеуі мұнай мен басқа да шикізат тауарларының бағасы төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Ішкі факторлардың ішінде ұсыныс факторлары жағынан инфляция жеделдеу қаупі жоғары. Ресеймен байланысты логистикалық байланыстарды ұзағырақ қайта құру тауарлар ұсынысын төмендетуі немесе олардың өзіндік құны өсуіне әкелуі мүмкін. Бұдан басқа, нарықтық баға белгілеуге өту, өндіріс рентабельділігін қолдау және күрделі жөндеуге инвестицияларды қаржыландыру мақсатында ЖЖМ және реттелетін тұрғын үй-коммуналдық қызметтер бағасы көтерілуі тәуекелі жоғары, бұл инфляцияға тікелей әсер етумен қатар, тауарлар мен қызметтердің кең ауқымының бағасына мультипликативті әсер етуі мүмкін.

Осыған байланысты жоғары ағымдағы инфляция мен азық-түлік пен ЖЖМ бағасының динамикасына тәуелді болуы салдарынан инфляциялық күтулер жоғары деңгейде тұрақтану тәуекелі де маңызды болуда.

Ағымдағы жылы фискалды ынталандыру күшеюі аясында ішкі сұраныс жағынан инфляциялық қысым тәуекелі шамалы өсті. Сонымен қатар, Үкімет бюджеттік қағидаларды 2023 жылы сақтаусыз, республикалық бюджетті нақтылауға мүмкіндік беретін Бюджет кодексіне өзгерістер енгізді, бұл ағымдағы жылғы фискалдық ынталандыру мөлшеріне қатысты белгісіздікті ұлғайтады. Төмен фискалдық тәртіпті және өткен жылдары мемлекеттік шығысты ұлғайту жағына қарай мерзімді қайта қарауды ескере отырып, кейінгі жылдары бюджет параметрлері шығыс бөлігін кеңейту жағына қарай қосымша қайта қаралу мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайды, бұл экономикада проинфляциялық қысымның қосымша көзі болуы мүмкін. Осымен қоса, санкциялар мен геосаяси шиеленіс аясында Ресей азаматтары тарапынан тұтынушылық тауарларға деген сұраныс арту тәуекелі сақталуда.

### 1.5. Төлем балансының ағымдағы шотының болжамы

**Ұлттық Банктің бағалауы бойынша төлем балансының ағымдағы шоты 2022 жылғы профицит аймағынан 2025 жылдың соңына қарай біртіндеп тапшылық аймағына ауысады. Ағымдағы шоттың оң сальдосының күтілген қысқаруы шикізат бағасының болжамды төмендеуіне және импортқа сұраныстың тұрақты өсуіне негізделеді. Негізгі сценарий кезінде ағымдағы шоттың профициті – 2022 жылғы 6,3 млрд АҚШ долларынан 2023 жылы 0,1 млрд АҚШ доллары мөлшерінде нөлге жақын деңгейге дейін айтарлықтай қысқарады (10-график).**

Алайда, мұнайды экспортқа нақты жөнелту мен оны ресми статистикада көрсету арасында үш айға дейінгі уақыт аралығы бар. Ресми статистикада мұнай экспорты кешіктіріп көрсетілетінін ескере отырып, профициттің төмендеуі іс жүзінде онша маңызды болмайды. Ұлттық Банктің бағалауы бойынша, мұнай экспортының статистикасында уақыт аралығына түзетілген ағымдағы шоттың профициті 2022 жылғы 6,1 млрд доллардан 2023 жылы 2,2 млрд АҚШ долларына дейін және 2024 жылы 1,6 млрд АҚШ долларына дейін төмендейді. 2025 жылы 0,6 млрд АҚШ доллары мөлшерінде тапшылық болжанады.

Тауарлар экспортының динамикасы негізінен мұнай құрауышымен айқындалады. Мұнай бағасының болжамды төмендеу траекториясына қарамастан, мұнай экспорты ірі кен орындары есебінен өндіру көлемі өсуінен қолдау табады. Нәтижесінде уақыт аралығына түзетілген мұнай экспорты 2022 жылғы 46,8 млрд АҚШ долларынан 2023 жылы 48,6 млрд АҚШ долларына дейін және 2024 жылы 50,7 млрд АҚШ долларына дейін өседі. 2025 жылы өндіріс көлемі өсу нәтижесінен баға төмендеу әсері басым болуына байланысты мұнай экспорты 49,2 млрд АҚШ долларына дейін қысқаруы күтіледі.

Болжамды келешекте көп бағытты факторлар әсер етуіне қарай мұнайға жатпайтын экспорт 2022 жылғы деңгейде қалады. Газды ішкі нарыққа қайта бағыттау, газдың, көмірдің және дәнді дақылдардың әлемдік бағасын түзету, сондай-ақ 2023 жылы үш ірі МӨЗ-де жоспарлы жөндеу жұмыстары мұнайға жатпайтын құрауышқа қысым жасайтын факторлар болады. Мұнайға жатпайтын экспорттың өсуі уран мен ферроқорытпалардың ішкі өндірісі ұлғаюынан қолдау табады.

Нәтижесінде 2023 жылы тауарлар экспорты 86,0 млрд АҚШ долларын, 2024 жылы – 88,3 млрд АҚ долларын, 2025 жылы – 86,2 млрд АҚШ долларын құрайды.

Болжамды келешекте төлем балансының әдіснамасы бойынша тауарлар импорты 2022 жылғы 49,7 млрд АҚШ доллары мөлшеріндегі тарихи ең жоғары көрсеткіштен асып, оның өсуі жалғасады. Импортының өсіп келе жатқан деңгейлері халық пен бизнестің ұлғайып жатқан қажеттілігін жабу үшін Қазақстан өндірісінің жеткіліксіздігіне, экономиканы қолдау жөніндегі мемлекеттік бастамалар мен бағдарламалардың іске асырылуына, сондай-ақ жаһандық логистикалық тізбектердің бұзылуы салдарынан әлемдік инфляцияның өсуіне негізделеді.

Болжам бойынша, тауарлар импорты 2023 жылы 52,9 млрд АҚШ долларын, 2024

жылы – 55,6 млрд АҚШ долларын, 2025 жылы – 56,2 млрд АҚШ долларын құрайды. Орта мерзімді перспективада мұнайдың болжамды бағасы қысқаруына қарамастан, оны өндірудің өсіп келе жатқан көлемі мен металдардың жоғары бағасы шетелдік тікелей инвесторлардың кірісін тарихи жоғары деңгейде сақтайды. 2023 жылдың екінші жартыжылдығынан бастап резервтік валюталар эмитенті-орталық банктердің ақша-кредит саясатын күтілгендей жеңілдетуі салдарынан төлемге есептелген пайыздар 2024 жылдан бастап төмендей бастайды. Осылайша, кіріс балансының тапшылығы 2023 жылы 29,2 млрд АҚШ долларына, 2024 жылы 29,4 млрд АҚШ долларына жетеді, 2025 жылы 28,6 млрд АҚШ долларына дейін төмендейді.

10-график. Ағымдағы шот



Ескертпе. ҚР Қаржымині МКК және ҚР СЖРА ҰСБ қалыптастыратын мұнай мен газ конденсатының экспорты бойынша ресми сауда статистикасында есепке алу ерекшелігі бар. Ол мыналардан тұрады: t айында нақты жөнелтілген мұнай соңғы декларацияны тапсыру күні бойынша ресми статистикада көрсетіледі, яғни шамамен 3 айға дейін кідіріспен. Мұнай экспортының статистикасында кідірісті түзете отырып, төлем балансының ағымдағы шоты мұнай экспорты уақтылы көрсетілетін бағаланатын ағымдағы шотты білдіреді.

Дереккөзі: ҚРҰБ болжамы

Көрсетілетіні қызмет балансы тапшылық аймағында қалады. Орта Азия газын Қытайға құбыр арқылы транзиттеу және Қазақстанға келген азаматтар саны өсуіне байланысты сапарларға байланысты көлік қызметтері есебінен қызмет экспорты ұлғаяды. Карантин шектеулері алынғаннан кейін шетелге туристік ағын қалпына келуі, сондай-ақ болжамды тауарлар импорты өсуі салдарынан фрахт көлемі ұлғаюы есебінен қызмет импорты өседі.

Осылайша, болжамды келешекте көрсетілетін қызмет балансының тапшылығы 2022 жылғы деңгейде қалады: 2023 жылы тапшылық 1,6 млрд АҚШ долларын, 2024 жылы – 1,7 млрд АҚШ долларын және 2025 жылы 1,9 млрд АҚШ долларын құрайды.




02

## АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ

## II. АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ

11-график. 2022-2023 жылдардағы базалық мөлшерлеме дәлізі, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

### 2.1. Базалық мөлшерлеме бойынша шешімдер

2023 жылғы қаңтарда Ақша-кредит саясаты комитеті базалық мөлшерлемені 16,75% деңгейінде сақтау туралы шешім қабылдады. Шешім нақты инфляция Ұлттық Банктің болжамды мәндеріне сәйкес келуі жағдайында қабылданды.

Инфляцияның орнықты бөлігі жоғары болуына және жоғары тарихи көрсеткішке жеткен инфляциялық күтулерге байланысты инфляция тәуекелдерінің теңгерімі проинфляциялық жағына қарай ауысуда. Логистикалық тізбектердің қайта құрылуының экономикаға теріс әсері жалғасуда. Сыртқы ортаның қысымы әлсірей бастады – көптеген елдерде, оның ішінде сауда-әріптес елдерде инфляциялық процестер баяулау бастағаны байқалуда.

2022 жылдың қорытындысы бойынша жылдық инфляция Ұлттық Банктің 20-21% болжамы кезінде 20,3%-ға жетті. Азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы ең көп өсті, ал ақылы көрсетілетін қызмет бағасының өсуі өзгеріссіз қалды.

Айлық инфляция үшінші ай қатарынан баяулағанын көрсетіп, 2022 жылғы желтоқсанда 1,2% (қыркүйекте – 1,8%) болды, алайда ол әлі де өзінің орташа тарихи жылдық мәндерінен жоғары қалыптасуда.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Ақша-кредит саясаты комитеті 2023 жылғы 27 ақпаннан бастап базалық мөлшерлемені +/- 1 п.т. дәлізімен жылдық 16,75% деңгейінде сақтау шешімін қабылдады (11-график). Шешім Ұлттық Банктің жаңартылған болжамдарына, деректерді талдауға, содай-ақ инфляция тәуекелдері теңгерімін бағалауға негізделді.

Болжамды динамика мен инфляция тәуекелдерін ескере отырып, Ұлттық Банк осы жылғы бірінші жартыжылдықта базалық мөлшерлемені ағымдағы деңгейде ұстап тұруға ниетті. Бұл инфляцияны тұрақтандыруға және орта мерзімді перспективада оны біртіндеп төмендетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

## 2.2. Ақша ұсынысы

Ақша ұсынысы қалыпты қарқынмен өсті. Экономикаға қойылатын талаптардың (халық пен бизнесті кредиттеу) өсуі 2022 жылғы қараша - 2023 жылғы қаңтар кезеңінде ақша массасы ұлғаюына елеулі үлес қосты. Жылдық мәнде ақша базасының өсуі өзгерген жоқ.

2023 жылғы қаңтарда экономикадағы ақша массасы 13,5%-ға ж/ж ұлғайып, 33,8 трлн теңгені (12-график) құрады. Халықты (11,5 п.т.) және аз дәрежеде бизнесті (2,4 п.т.) кредиттеу ақша массасының жылдық өсуіне негізгі үлес қосты. Ұлттық қордың теңгемен шоты да бюджетке берілетін трансферттерге байланысты ақша массасын ұлғайтты, алайда оның оң үлесі Үкіметке таза талаптардың теріс үлесімен теңесті. Жыл басында бюджеттің шығысы төмен деңгейде болуына байланысты 2023 жылғы қаңтарда Үкімет шоты ұлғаюында маусымдық сипат болды.

Теңгемен ақша массасы қаңтарда 20%-ға жетіп, 2022 жылғы мамырдан бастап өсу қарқынын жеделдетті (13-график). Экономиканы кредиттеу өсудің негізгі драйвері болды, оның ұлғаюы қарқыны біршама баяулауына қарамастан, жоғары деңгейді көрсетті.


Ақша базасы 2022 жығы қазанда өскеннен кейін біртіндеп қысқара бастады және 2023 жылғы қаңтарда өткен жылғы қаңтардағы мәндерге оралды.

## 2.3. Ақша нарығы

2022 жылғы қарашадан бастап 2023 жылғы қаңтар аралығындағы кезеңде ҚРҰБ операциялары бойынша сальдо (өтімділік профициті) ұлғайды. Осы аяда ақша нарығының мөлшерлемелері жекелеген кезеңдерді қоспағанда, осы кезеңде дәліздің төменгі шекарасына жақын қалыптасты.


ҚРҰБ операциялары бойынша сальдоның негізгі өсімі бюджет шығысы өсуі аясында желтоқсанда орын алды. Жалпы, 2023 жылғы қаңтарда ҚРҰБ операциялары бойынша сальдо 2022 жылғы қазанмен салыстырғанда 23,1%-ға өсіп, қаңтардың соңында 3,6 трлн теңгені құрады.

12-график. Ақша массасы, ж/ж, %




Дереккөзі: ҚРҰБ

13-график. Теңгелік ақша массасы және ЕДБ кредиттеу көлемі




Дереккөзі: ҚРҰБ

#### 14-график. Ұлттық Банктің операциялары бойынша ашық позиция, млрд теңге



Дереккөзі: ҚРҰБ

#### 15-график. Пайыздық мөлшерлемелер дәлізі мен TONIA мөлшерлемесі



Дереккөзі: ҚРҰБ, ҚҚБ

Негізгі көлем ноталармен (2,4 трлн теңге), депозиттік аукциондармен (0,7 трлн теңге) және депозиттермен (0,4 трлн теңге) алынды (14-график).

2022 жылғы қарашада - 2023 жылғы қаңтарда ноталар мен депозиттер арқылы ҚРҰБ алатын өтімділік көлемі өсті. Айналыстағы ноталардың тәуліктегі орташа көлемі 2022 жылғы тамыз-қазандағымен салыстырғанда 7,6%-ға ұлғайып, 2022 жылғы қараша-2023 жылғы қаңтарда 1 818,5 млрд теңгені құрады. Депозиттер бойынша көлем 669,4 млрд теңге болды (31,3%-ға ұлғайды).

TONIA ақша нарығының мөлшерлемесі 2022 жылғы желтоқсанда базалық мөлшерлеме өскеннен кейін артты және жалпы 2022 жылғы қараша мен желтоқсанның соңын қоспағанда, 2022 жылғы қарашадан бастап 2023 жығы қаңтар аралығында негізінен төменгі шекараға жақын қалыптасты. 3 айда TONIA орташа мәні 15,8%-ды құрады (15-график). TONIA мен базалық мөлшерлеме арасындағы спрэд 2022 жылғы қараша - 2023 жылғы қаңтарда орташа есеппен (-)0,6 п.т. деңгейде теріс қалыптасты.

#### 2.4. Валюта нарығы

**АҚШ долларының жаһандық әлсіреуі, мұнай бағасының жоғары болуы, сондай-ақ базалық мөлшерлеме мен теңгелік депозиттер бойынша мөлшерлемелердің көтерілуі аясында 2022 жылғы қараша – 2023 жылғы қаңтарда теңгенің айырбастау бағамының нығаюы байқалды.**

Инфляциялық қысымның төмендеуі жағдайында дамыған елдердің орталық банктері монетарлық талаптарды қатаңдату қарқынын біршама бәсеңдетті. Бұл тәуекел дәрежесінің артуына және дамушы елдер валюталарының, оның ішінде теңгенің нығаюына ықпал етті (16-график).

2022 жылдың соңында АҚШ ФРЖ негізгі мөлшерлемені көтеру қарқынын бәсеңдете бастады. Мәселен, 2022 жылғы қарашада 75 базистік тармаққа көтергеннен кейін, желтоқсанда мөлшерлеме 4,25 - 4,5%-ға дейін 50 базистік тармаққа, ал 2023 жылғы 1 ақпанда 4,5 - 4,75%-ға дейін 25 базистік тармаққа ұлғайтылды. Бұл DXY доллар индексінің 2023 жылғы қаңтарда 2022 жылғы қазанмен салыстырғанда 9,2%-ға төмендеуімен, сондай-ақ 10 жылдық қазынашылық облигациялар кірістілігінің 3,7%-дан

3,4%-ға дейін төмендеуімен қатар жүрді (17-график). Сонымен қатар ЕОБ пайыздық мөлшерлеменің ұлғаю қарқынын төмендетіп, желтоқсанда 2,5%-ға дейін және 2023 жылғы 2 ақпанда 3,0%-ға дейін 50 базистік тармаққа екі рет көтерді. Канада Банкі де мөлшерлемені 4,25%-ға дейін 50 базистік тармаққа және 4,50%-ға дейін 25 базистік тармаққа көтеру жөнінде екі рет шешім қабылдады. Бұл ретте жоғарыда аталған орталық банктер инфляцияның нысаналы деңгейіне жеткенге дейін мөлшерлемелерді одан әрі көтеруге дайын екендігі туралы мәлімдеді.


2022 жылғы қараша – 2023 жылғы қаңтарда мұнайдың бағалары бір баррель үшін 76-99 АҚШ доллары аралығында өзгеріп, құбылмалы динамиканы көрсетті. Өнеркәсіптік өндірістің өсуінің баяулауына және бөлшек сауданың төмендеуіне әкелген Қытайдағы сырқаттанудың өсуі 2022 жылғы қарашада мұнай бағасының динамикасына теріс әсер етті. АҚШ-та отын қорының артуы және рецессияға қатысты қауіптену де мұнай нарығына кері әсерін тигізді. Бұл ретте 2023 жылғы қаңтарда мұнай бағасының өсуіне дамыған елдердің орталық банктерінің монетарлық саясатты қатаңдатуының барынша ұстамды қарқыны, сондай-ақ Қытайдағы карантиндік шектеулерді алып тастау ықпал етті.

Осыған қарамастан, 2023 жылғы қаңтарда мұнай бағасы 2022 жылғы қарашаның басынан бастап бір баррель үшін 94,8 АҚШ долларынан 84,5 АҚШ долларына дейін 10,9%-ға төмендеді.

Ішкі валюта нарығындағы ахуал 2022 жылғы тамыз-қазан айларымен салыстырғанда анағұрлым тұрақты болды. Квзимемлекеттік сектор субъектілерінің валюталық түсімді сатуы және Ұлттық қордан республикалық бюджетке трансферттер ішкі нарықтағы ұсынысты қолдады. 2022 жылғы қараша – 2023 жылғы қаңтар аралығында Ұлттық қордан валюта сату 759 млн АҚШ долларын құрады.


Бұл ретте валюта нарығындағы теңгерімділіктің жақсаруына байланысты валюталық түсімді міндетті түрде сату нормасы 75%-дан 50%-ға дейін төмендетілді. Квзимемлекеттік сектор субъектілерінің валюта сатуы 2022 жылғы қараша – 2023 жылғы қаңтар аралығында 781,7 млн АҚШ долларын құрады.

16-график. ЕМ валюталары индексінің, алтын (31.12.2019ж.=100) мен мұнай құнының динамикасы




Дереккөзі: Refinitiv

17-график. АҚШ-тың 10 жылдық МБҚ кірістілігі, АҚШ долларының индексі




Дереккөзі: Refinitiv

18-график. Теңге бағамының динамикасы және сауда-саттық көлемі



Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ

19-график. Тәуекелсіз қисығының өзгеруі, %



Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ

Осыны ескере отырып, 2022 жылғы қараша – 2023 жылғы қаңтарда теңгенің айырбастау бағамы бір АҚШ доллары үшін 458,6-473,5 теңге диапазонында ауытқып отырды (18-график.) 2022 жылғы қараша – 2023 жылғы қаңтарда биржалық сауда-саттықтың орташа тәуліктік көлемі ж/ж 32,3%-ға төмендеп, 125,7 млн АҚШ долларын құрады (2022 жылғы тамыз-қазанда – 102,6 млн АҚШ доллары, 2021 жылғы қараша-қаңтарда – 185,6 млн АҚШ доллары). Сауда-саттық көлемінің төмендеуі мұнайдың жоғары бағасы мен теңгедегі және валюталық депозиттер арасындағы мөлшерлемелердің айтарлықтай дифференциалы аясында шетел валютасына сұраныстың қысқарғанын көрсетугі мүмкін.

## 2.5. Қор нарығы

2022 жылғы қараша-желтоқсан айларында тәуекелсіз кірістілік қисығы инверттелген (кері) пішінді болды. Сонымен бірге, 2023 жылғы қаңтарда ол «дөңес» пішінді болды.

Жалпы алғанда, қысқа аралықтағы кірістілік қисығының динамикасы көп бағытты болды. Қараша-желтоқсан айларында 1 жылға дейінгі ең қысқа аралықта жоғары жылжу байқалды, бірақ қаңтарда төмен жылжу байқалды. 1 жылдан 7 жылға дейінгі орта мерзімді кезеңдерде кірістіліктің өсуі жалғасып, 7 жылдан 15 жылға дейінгі ұзақ мерзімді кезеңдерде төмендеді.

Желтоқсан айындағы базалық мөлшерлеменің көтерілуі қысқа және орта мерзімді аралықта кірістілік қисығының жоғары жылжуына әкелді (19-график).

2022 жылғы қараша – 2023 жылғы қаңтар аралығындағы кезеңде МБҚ сауда-саттық көлемі 2022 жылғы тамыз-қазанмен салыстырғанда негізінен бастапқы нарық есебінен өсті.

2022 жылғы қараша – 2023 жылғы қаңтарда бастапқы нарықта МБҚ шығару 2022 жылғы тамыз-қазанмен салыстырғанда 27,8%-ға ұлғайып, 1 320,2 млрд теңгені құрады.

Оның едәуір бөлігі ҚР Қаржыминінің 1306,7 млрд теңге сомасына қаражат тартуына тиесілі. Қалған көлемі 13,5 млрд теңге мөлшерінде (1 жылдан 2 жылға дейінгі мерзіммен 0,35-4,25%-бен) жергілікті атқарушы органдарға тиесілі болды).

ҚР Қаржыминінің МБҚ орналастыру бойынша өтеуге дейінгі мерзім 1 жылдан 16 жылға дейін өзгерді.

ҚР Қаржыминінің орналастырылатын МБҚ кірістілігі әр түрлі мерзімділіктегі бастапқы нарықта 2022 жылғы тамыз-қазан айларында 13,85-15,70%-дан 2022 жылғы қараша – 2023 жылғы қаңтарда 11,50-17,01%-ға дейін өзгерді.

Корпоративтік облигациялар нарығында орналастыру көлемі 2022 жылғы тамыз-қазан айларында 792,9 млрд теңгеден 2022 жылғы қараша – 2023 жылғы қаңтарда 939,7 млрд теңгеге (18,5%-ға өсу) дейін өсті.

Орналастырылған облигациялар бойынша орташа өлшемді кірістілік 2023 жылғы қаңтарда 17,04%-ға дейін өсті (2022 жылғы қазанда 15,68%). KASE BMY индексі базалық мөлшерлеменің көтерілуі аясында 2022 жылғы қазан айының соңындағы 12,10%-дан 2023 жылғы қаңтар айының соңында 12,85%-ға дейін өсті (20-график).

KASE индексі 2022 жылғы қараша - 2023 жылғы қаңтар аралығында 5,3%-ға ұлғайды (20-график). «Қазақтелеком» АҚ акцияларын қоспағанда, индекстік тізімнің барлық өкілдері оң аймақта болды (-7,0%). Талданатын кезеңде индекстің ұлғаюына «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Кселл» АҚ, «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» АҚ, «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ және «Kaspi.kz» АҚ-ның қаржылық жай-күйінің жақсаруы мен баға белгілеулері өсуінің тиісті қалпына келуі ықпал етті.


Әлемдік қор нарығы 2022 жылғы қараша - 2023 жылғы қаңтар аралығында да 2022 жылғы тамыз - қазан айларымен салыстырғанда 5,3%-ға қалыпты өсуді көрсетті. АҚШ-та тұтынушылық бағалардың базалық индексі өсуінің баяулауы негізгі себеп болды, бұл инвесторлардың тәуекел дәрежесін қабылдауына оң әсер етті.

## 2.6. Депозит нарығы

**2023 жылғы қаңтарда депозиттік ұйымдардағы депозиттердің жалпы көлемінің жылдық өсімі жалғасып, 2022 жылғы желтоқсанда тарихи ең жоғары көрсеткішке жетті.**


**Банк жүйесіндегі жалпы долларландыру 2023 жылғы қаңтарда валюталық салымдармен салыстырғанда теңгедегі салымдардың озыңқы өсуі аясында соңғы 10 жылдағы ең төменгі мәнге дейін төмендеді. Жалпы көрсеткіштің төмендеуі жеке және заңды тұлғалардың салымдары бойынша долларландырудың қысқаруына байланысты.**

20-график. Корпоративтік облигациялардың кірістілігі, жылдық %




Дереккөзі: ҚҚБ, ҚРҰБ

21-график. KASE индексі (2019 жылғы желтоқсан=100)



Дереккөзі: ҚҚБ

22-график. Депозиттер көлемінің өсуіне құрауыштарының қосқан үлесі, ж/ж, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

**Базалық мөлшерлеменің артуынан кейін депозиттер бойынша сыйақының нарықтық мөлшерлемелері өсті.**

**Депозиттік портфель.** 2023 жылғы қаңтарда депозиттік портфельдің өсу үрдісі жалғасып, ұлғаю ж/ж 14,1% болды (2022 жылғы қаңтарда – 18,2%) (22-график).

Депозиттердің көлемі 2022 жылдың қорытындысы бойынша өзінің рекордтық деңгейіне 30,9 трлн теңгеге жетті. Өсуге көбінесе теңгелік салымдардың ұлғаюы ықпал етіп, шетел валютасындағы салымдар аздап өсті. Заңды тұлғалар депозиттерінің құрылымында теңгелік салымдар ұлғайып, валюталық салымдар төмендеді. Жеке тұлғалар ұлттық валютадағы және шетел валюталарындағы салымдарды ұлғайтты.

2023 жылғы қаңтарда депозиттердің жалпы көлемінде заңды тұлғалардың, сол сияқты жеке тұлғалардың валюталық салымдары көлемінің азаюы есебінен (ж/ж 2,8%-ға) депозиттік ұйымдардағы депозиттердің 30,6 трлн теңгеге дейін ж/ж 1,1%-ға шамалы төмендеуі байқалды. Сонымен қатар халықтың теңгедегі салымдарында да шамалы төмендеу байқалды, ал заңды тұлғалардың теңгедегі салымдары өзгерген жоқ.

Жылдық мәнде ұлттық валютадағы депозиттер қаңтарда заңды тұлғалар салымдарының 13,9%-ға, жеке тұлғалар салымдарының 30,7%-ға өсуі салдарынан 22,0%-ға өсті.

Шетел валютасындағы депозиттер ж/ж 0,3%-ға төмендеді. Валюталық баламада заңды тұлғалардың, сол сияқты жеке тұлғалардың салымдарының төмендегені байқалды (валюталық салымдардың жалпы төмендеуі 6,1%). Заңды тұлғалардың шетел валютасындағы салымдарының төмендеуі теңгедегі салымдардың өсуімен бірге қаражаттың валюталық салымдардан теңгедегі салымдарға ішінара әкетілуін көрсетуді ықтимал. Бұған басқалармен қатар теңгедегі және валюталық салымдар арасындағы мөлшерлемелердің жоғары дифференциалы ықпал етті. Жеке тұлғалардың теңгедегі депозиттері бойынша өтемақы (сыйлықақы) есептеу көзделетін теңгедегі салымдарды қорғау бағдарламасы өз кезегінде ұлттық валютадағы депозиттік шоттардан қаражаттың әкетілуін тежеуге ықпал етті.

Халық депозиттерінің құрылымында теңгедегі депозиттік базаның едәуір бөлігі 2023 жылғы қаңтардың қорытындысы бойынша мерзімсіз

салымдарға<sup>1</sup> (55,4%, 2022 жылғы қаңтарда – 49,5%) тиесілі болды, жинақ салымдарының үлесі 9,9% болды (2022 жылғы қаңтарда - 12,3%). Теңгедегі мерзімсіз салымдар бойынша өсу ж/ж 47,8% немесе 2,0 трлн теңге, ал жинақ депозиттері бойынша өсу 6,2% (немесе 64,1 млрд теңге) болды.

Сонымен бірге 2023 жылғы қаңтарда ж/ж 3,8 есе өскен бейрезиденттердің салымдары айтарлықтай өсті. Бұл негізінен Ресей Федерациясы азаматтарының көшіп-қонуы аясында жеке тұлғалардың валюталық шоттарына шетел валютасындағы қаражаттың түсуіне байланысты (2022 жылдың ортасынан бастап) болды.

**Депозиттерді долларландыру.** 2023 жылғы қаңтарда депозиттерді долларсыздандыру үрдісі жалғасты, қаңтарда долларландыру мәні 31,1%, 2022 жылғы қазанда - 35,3% болды (23-график).


Заңды және жеке тұлғалардың салымдарын долларландыру арасындағы алшақтық азаюда. Заңды тұлғалардың салымдарын долларландыру бір жыл ішінде 2022 жылғы қаңтардағы 35,6%-дан 2023 жылғы қаңтардағы 32,6%-ға дейін, жеке тұлғалардың салымдарын долларландыру 35,6%-дан 29,6%-ға дейін төмендеді (23-график).

Жеке тұлғалардың депозиттерін долларландыру (бейрезиденттерді ескере отырып) сомалар бөлігінде барлық сегмент бойынша төмендеді. Дегенмен, ірі шоттарды долларландыру жоғары деңгейде қалды. Мәселен, 50 млн теңгеден 500 млн теңгеге дейінгі шоттардағы жеке тұлғалардың валюталық депозиттерінің үлесі 2023 жылғы қаңтарда 66,0%-ды құрады, ал 1 млн теңгеден 3 млн теңгеге дейінгі шоттар бойынша 12,2%-ды ғана құрады.

**Депозиттер бойынша мөлшерлемелер<sup>2</sup>.** Базалық мөлшерлеменің көтерілуінен және ҚДКҚ шекті мөлшерлемелерінің өсуінен кейін заңды және жеке тұлғалардың депозиттері бойынша орташа өлшемді мөлшерлемелердің өсу үрдісі жалғасты.

Мәселен, тартылатын салымдардағы негізгі үлесті алатын (заңды тұлғалардың барлық мерзімді теңгедегі салымдарының 83,8%-ы) мерзімі 1 айға дейінгі заңды тұлғалардың салымдары бойынша мөлшерлемелер 2022 жылғы қаңтардағы 7,9%-бен салыстырғанда 2023 жылғы қаңтарда 14,6%-ға дейін екі есеге жуық көтерілді.

23-график. Депозиттерді долларландыру, %




Дереккөзі: ҚРҰБ

<sup>1</sup>ҚДКҚ-ның жеке тұлғалардың депозиттері бойынша ең жоғары мөлшерлемелерді анықтау және белгілеу әдістемесі бойынша


<sup>2</sup> Ақша-кредит статистикасы бойынша

24-график. Заңды депозиттері мөлшерлемелер, % тұлғалардың бойынша



Дереккөзі: ҚРҰБ

25-график. Жеке салымдары мөлшерлемелер, % тұлғалардың бойынша



Дереккөзі: ҚРҰБ

Мерзімі 3 айдан 1 жылға дейінгі депозиттер бойынша мөлшерлемелер (үлесі – 9,9%) де 7,7%-дан 13,2%-ға дейін айтарлықтай ұлғайды. Мерзімі 1 жылдан 5 жылға дейінгі ұзақ мерзімді салымдар бойынша мөлшерлемелер (үлесі – 0,8%) 7,9%-дан 12,6%-ға дейін ұлғайды (24-график).

Жеке тұлғалардың мерзімді салымдары бойынша мөлшерлемелер де көтерілгенін көрсетті: 1 айға дейінгі теңгедегі қысқа мерзімді салымдар бойынша (үлесі – жеке тұлғалардың барлық мерзімді теңгедегі салымдарының 20,5%-ы) 2022 жылғы қаңтардағы 8,0%-дан 2023 жылғы қаңтарда 14,6%-ға дейін көтерілді. 3 айдан 1 жылға дейінгі салымдар бойынша мөлшерлемелер (үлесі – 31,2%) 8,6%-дан 13,6%-ға дейін өсті, мерзімі 1 жылдан 5 жылға дейінгі салымдар бойынша мөлшерлемелер (үлесі – 43,8%) 8,9%-дан 13,9%-ға дейін көтерілді (25-график).

## 2.7. Кредит нарығы

Экономиканы кредиттеудің жалпы көлемі (қалдық) негізінен 2022 жылы жоғары инфляциялық күту мен жеңілдікті ипотекалық бағдарламалар аясында өсуді жалғастырған халыққа кредит беру есебінен ұлғайды. Ал халыққа берілетін кредиттердің жылдық өсімі тұтынушылық кредиттеудің неғұрлым қалыпты динамикасы есебінен баяулады. Ипотекалық кредиттеу «7-20-25» бағдарламасы шеңберінде қаражаттың белсенді түрде игерілуіне және Отбасы банктің кредит беруінің өсуіне байланысты өсті.

Кредитке сұраныстың арту жағдайында 2022 жылғы 4-тоқсанда бизнесті кредиттеу жеделдеді.

Халықтың кредиттері бойынша мөлшерлемелер тұтынушылық кредиттер бойынша мөлшерлемелердің төмендеуі салдарынан төмендеді, бизнес кредиттері бойынша мөлшерлемелер базалық мөлшерлеменің ұлғаюынан кейін өсті.

Экономиканы кредиттеудің жалпы көлемі (қалдық) 2022 жылы ж/ж 23,3%-ға өсіп, 22,8 трлн теңгені құрады.

Халыққа ұлттық валютамен кредит беру кредиттердің өсуіне негізгі үлес қосты. Бизнеске теңгемен берілген кредиттер де 2022 жылы 18,6%-ға ұлғайып, елеулі үлес қосты (26-график).

Халыққа берілетін кредиттердің жылдық өсімі 2022 жылғы қыркүйектегі 36,4%-дан желтоқсандағы 31,3%-ға дейін баяулады. Тұтынушылық кредиттердің ж/ж өсуі 28,9%-дан 25,3%-ға дейін, ипотекалық кредиттердің өсуі 44,7%-дан 41,9%-ға дейін баяулады (27-график). «7-20-25» бағдарламасы және Отбасы Банкі тарапынан кредиттеуді белсенді түрде ұлғайту 2022 жылдың қорытындысы бойынша ипотекалық кредиттеудің жоғары өсуінің қозғаушы күші болды. Өз кезегінде ипотекалық кредиттеудің өсуі ұзақ пайдаланылатын тауарларға сұраныстың арту жағдайында тұтынушылық қарыздардың ұлғаюына ықпал етті. Халықтың жоғары инфляциялық күтулері де тұтынушылық кредиттердің өсуіне қосымша фактор болды.

Банктердің маркетингтік акциялары, бөліп-бөліп төлеудің жоғары үлесі, сондай-ақ банктер арасындағы бәсекелестік аясында теңгедегі тұтынушылық кредиттер бойынша мөлшерлеме бір жыл ішінде 2022 жылғы желтоқсанның қорытындысы бойынша 17,2%-ға дейін 1,7 пайыздық тармаққа төмендеді (2022 жылғы қыркүйектегі мөлшерлеме – 18,6%).

Ипотекалық кредиттер бойынша орташа өлшемді мөлшерлеме бір жылда 2022 жылғы желтоқсандағы 9,5%-ға дейін 1,0 пайыздық тармаққа (2022 жылғы қыркүйекте – 8,0%), оның ішінде Отбасы Банктің аралық қарыздары бойынша мөлшерлемелердің өсу жағдайында ұлғайды (29-график). Базалық мөлшерлеменің өзгеруі нарықтық ипотека бойынша мөлшерлемелерге көбірек әсер етеді, алайда нарықтық емес жеңілдікті бағдарламалардың (Отбасы Банкінің мөлшерлемелері және «7-20-25» бағдарламасы бойынша мөлшерлемелер) жоғары үлесіне байланысты ипотекалық кредиттер бойынша жалпы мөлшерлеме базалық мөлшерлеменің деңгейінен едәуір төмен қалыптасады.


2022 жылғы төртінші тоқсанда бизнес субъектілерінің барлық түрлерінің банктік қаржыландыруға өтімдерінің саны өсті. Осыған байланысты бизнеске берілетін кредиттер (қалдық) ж/ж 2022 жылғы қыркүйектегі 11,0%-дан желтоқсанда 13,9%-ға дейін аздап жеделдеді.

26-график. ЕДБ-ден экономикаға берілетін кредиттер, ж/ж, %




Дереккөзі: ҚРҰБ

27-график. ЕДБ-ден халыққа берілетін кредиттер, ж/ж, %




Дереккөзі: ҚРҰБ

28-график. ЕДБ-ден бизнеске берілетін кредиттер, ж/ж, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

29-график. Ұлттық валютадағы  
кредиттер бойынша  
мөлшерлемелер, %



Дереккөзі: ҚРҰБ

Шағын бизнес субъектілеріне берілетін кредиттер 22,8%-ға (оның ішінде ДҚ-ға кредиттер – 984 млрд теңгеге дейін 40,3%-ға), ірі бизнес субъектілеріне берілетін кредиттер – 11,8%-ға ұлғайды, ал орта бизнес субъектілеріне берілетін кредиттер 2,9%-ға төмендеді.

Салалар бойынша бөлгенде құрылыс (-6,7%) пен байланыстан (-12,7%) басқа барлық салаларда өсу тіркелді. Өнеркәсіп пен сауда саласы субъектілеріне берілетін кредиттер тиісінше 16,8%-ға және 13,6%-ға ұлғайып, бизнесті кредиттеудің өсуіне негізгі үлесін қосты (28-график).


Жүргізіліп отырған ақша-кредит саясаты аясында бизнеске берілетін теңгедегі кредиттер бойынша орташа өлшемді мөлшерлеме 2021 жылғы желтоқсандағы 12,8%-дан 2022 жылғы желтоқсанда 19,7%-ға дейін (2022 жылғы қыркүйекте – 17,0%) өсті. Базалық мөлшерлеменің өзгеруі барлық салаларды қаржыландыру құнынан, ең көбі – саудадан (7,5 пайыздық тармаққа өсу), ең азы – көліктен (4,6 п.т.) көрінді.



03


## МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

30-график. Бірқатар елдердегі экономикалық белсенділік, ж/ж



Дереккөзі: ұлттық статистика қызметтері

31-график. Әлемнің кейбір елдеріндегі инфляция, ж/ж



Дереккөзі: ұлттық статистика қызметтері

32-график. Brent маркалы мұнай бағасының динамикасы, барреліне АҚШ долл.



Дереккөзі: EIA

### III. МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАЛАПТАР

#### 3.1. Сыртқы сектор

Жоғары инфляцияның сақталуы, белгісіздіктің өсуі және ірі орталық банктердің қатаң ақша-кредит саясаты аясында жаһандық экономикалық белсенділік бәсеңдеп келеді. Әлемдік ЖІӨ-нің шамамен 40%-ы тиесілі АҚШ, Қытай және Германияның өсу қарқыны да бір уақытта баяулады (30-график). Сонымен қатар, 2023 жылғы қаңтарда өнеркәсіп пен көрсетілетін қызметтердегі іскерлік белсенділіктің озық индикаторлары жағдайдың біршама тұрақтанғанын көрсетеді. Қытайда ашылғаннан кейін көрсетілетін қызметтердегі белсенділік айтарлықтай өсті.

Былтырғы жылғы желтоқсанда энергия тасымалдағыштар бағасының төмендеуі аясында жаһандық инфляциялық қысым әлсірей бастады. Бірқатар Еуропа елдерінде, оның ішінде Германияда екі таңбалы инфляция бір таңбалы сандарға қайта келді (31-график).

2023 жылдың басында азық-түлік пен азық-түлікке жатпайтын құрамдас бөліктер бағасының өсуінің қарқын алуы аясында Қытайда инфляция 2,1%-ға (ж/ж) дейін жеделдеді. АҚШ-та нарықтық болжамдар 6,2% (ж/ж) болған кезде инфляция шамалы бәсеңдеп, 6,4% (ж/ж) болды.

АҚШ ФРЖ, желтоқсан айындағы отырыста мөлшерлемені жылдық 4,5-4,75%-ға дейін 25 базистік тармаққа көтерді. ЕОБ өз кезегінде барлық үш негізгі пайыздық мөлшерлемені 50 базистік тармаққа – кредиттер бойынша базалық пайыздық мөлшерлемені 3,0%-ға, депозиттер бойынша мөлшерлемені 2,5%-ға, маржиналдық кредиттер бойынша мөлшерлемені 3,25%-ға дейін көтерді.

2023 жылғы қаңтардың басында әлемдік мұнай нарығындағы ахуал біршама құбылмалы болды. Бір кезде Brent бағасы барреліне 77 АҚШ долларына дейін төмендеді. АҚШ барреліне. Құбылмалылықтың күшеюі жаһандық рецессиядан қауіптенудің артуы, АҚШ-тағы нашар экономикалық деректер және Қытайда аурудың өсуі аясында болды. Қазіргі уақытта Brent бойынша сентимент айтарлықтай жақсарды (32-график). Пандемиядан кейін Қытайда мұнайды тұтынудың өсуі, МЭА мен ОПЕК-тің мұнайға сұраныс бойынша оң болжамдары және Ресейдің жақын арада мұнай өндіруді қысқарту туралы шешімі бірқалыпты оптимизмді қолдады.

### 1-блок. Пандемиядан кейін Қытай шекарасының ашылуының Қазақстан экономикасына әсері

Шамамен үш жылдан кейін Қытай Covid-19-ға қатысты жаппай шектеу қою саясатынан бас тартты. Шекара ашылғаннан кейін алғашқы уақытта аурудың өршу деңгейі өте жоғары болатыны күтілуде. Оның ең жоғары шегі 2023 жылғы 1 тоқсанға келуі мүмкін. Ортақ иммунитетті қалыптастыру үшін жарты жылдан бір жылға дейін уақыт қажет болады.

Қазіргі уақытта шұғыл деректер Қытай экономикасының біртіндеп қарқын ала бастағанын айғақтауда. 2022 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 2023 жылғы қаңтарда өнеркәсіптегі іскерлік белсенділіктің құлдырауы бәсеңдеді. Сұраныс пен ұсыныстың бір мезгілде өсуі нәтижесінде қызмет көрсету саласындағы іскерлік белсенділік индексі бір айда 52,9 тармаққа дейін 4,9 тармаққа ұлғайды. Жолаушылар ағыны жөнінде шыққан деректер де жағдайдың жақсарғаны туралы айтады. СААС<sup>3</sup> мәліметтеріне сәйкес 2023 жылғы қаңтарда Қытайдағы жолаушылар әуе тасымалы 34,8%-ға (ж/ж) ұлғайған, бұл – пандемияға дейінгі 2019 жылғы қаңтардағы көрсеткіштің шамамен 74,5%-ы. Жастар арасындағы жұмыссыздыққа қатысты жағдайдың да біршама жақсарғанын көруге болады, ол 2022 жылғы қарашадағы 17,1%-дан 2022 жылғы желтоқсанда 16,7%-ға дейін төмендеген.

Әлемдік экономика ауқымында Қытайдың ашылуы нарықтардағы құбылмалылықтың біршама күшеюіне алып келді. Әсіресе, 2022 жылғы желтоқсанға қарағанда 2023 жылғы қаңтарда мыс бағасы 8,0%-ға, мырыш бағасы 6,2%-ға және алюминийдің бағасы 4,3%-ға өсті (Қытайдың тазартылған мысты, никельді және мырышты әлемдік тұтынуындағы үлесі 50%-ға дейін жетеді). Әлемдік мұнайдың 14%-ға жуығын Қытайдың тұтынатынын ескере келгенде, Brent бағасының да өскені байқалды. Тамақ өнімдерінің ішінде күріштің әлемдік бағасының (2022 жылғы желтоқсанға қарағанда 2023 жылғы қаңтарда 10,7%) өскені тіркелді.

Бұдан әрі қалпына келуіне қарай ХВҚ Қытай экономикасының өсу қарқынының 2023 жылы 5,2%-ға дейін (2022 жылғы қазандағы болжам 4,4% болды), ал 2024 жылы 4,5%-ға дейін жылдамдайтынын күтеді. Сондай-ақ, Қытайдың ашылуының екінші әсерінен басқа елдерде де өсу қарқыны артады деп күтілуде. Ең алдымен, бұрын қытай тұтынушыларының туристік орындарға, сауда орталықтарына және т.б. шығыстарына тәуелді елдерде білінеді. Олардың арасында Гонконг, Тайланд, Сингапур, Малайзия, Оңтүстік Корея және Тайвань бар. Қытайдың ашылуынан жағымды нәтижеге қол жеткізе алатын басқа елдер тобын энергия тасымалдағыштарды экспорттаушы елдер басқарады. Goldman Sachs ұйымының бағалауы бойынша Қытай тарапынан қарқынды сұраныс Brent макралы мұнайдың қазіргі бағасының барреліне 15 АҚШ долларынан 20 АҚШ долларына дейін көтеруі мүмкін. Көптеген басқа елдер үшін Қытайдың ашылуы жоғары инфляцияның сақталуына және аса қатаң қаржылық талаптарға әкелуі мүмкін. Еуропа елдері үшін Қытайдың ашылуы нәтижесінде инфляцияның жоғары болуымен қатар сұйытылған газдың жетіспеушілігіне апаруы мүмкін.

Қазақстан үшін Қытай негізгі сауда әріптестерінің бірі болып табылады. Пандемиядан кейін Қытайдың ашылуының экономикамызға қалай әсер ететінін бақылау үшін елдер арасындағы экспорт пен импорттың негізгі құрылымын қарастырған жөн. Осы мақсатта 2020-2022 жылдардағы пандемия уақытындағы күтпеген өзгерістер орын алған кезеңмен бірге пандемияға дейінгі 2019 жылғы статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жүргізілді. Аталған кезеңде пандемияға қарамастан Қытайға **экспорттың** тұрақты түрде өскені көрінді. 2019 жылға қарай экспорттың өсуі 2020 жылы 17,7%, 2021 жылы – 22,1% және 2022 жылы – 64,5% болды. 2019 жылдың қорытындысы бойынша мұнай газдары (үлесі – 20,1%), тазартылған мыс (19,4%), шикі мұнай (14,7%), мыс кендері (9,2%), ферроқорытпалар (9,2%) және мырыш (7,0%) экспорттың негізгі баптары (құндық мәнде) болды. Уақыт өте келе экспорт құрылымы біршама өзгерді. Атап айтқанда, шикі мұнайдың (31,1%-ға дейін), мыс кендерінің және концентраттың (15,5%-ға дейін) үлесі өсті. Өз кезегінде мұнай газдарының үлесі 9,2%-ға дейін, ферроқорытпалардың үлесі 5,9%-ға дейін, мырыштың үлесі 0,4%-ға дейін қысқарды.

Пандемия кезеңінде экспортты заттай түрде қарастыра отырып, Қытай темір, мыс кендері мен концентраттарды белсенді түрде сатып алуды жалғастырды (1-кесте). Бұл ретте бағалы металдар мен мырыш кендерін тұтыну азайды. Бұдан басқа, уран, ферроқорытпалар мен мыс жеткізілімдерінің 2020 жылы өскенімен, 2021-2022 жылдары төмендегені байқалды. Минералды шикізат құрылымында шикі мұнай экспорты 2020 жылы 55,4%-ға, 2021 жылы 47,0%-ға және 2022 жылы 2,2 есе өсті. Үш жыл қатарынан мұнай газдары экспортының төмендегені байқалды.

<sup>3</sup> Civil Aviation Administration of China - Қытай Халық Республикасының Азаматтық авиация әкімшілігі

2019 жылмен салыстырғанда азық-түлік тобында бидай жеткізілімінің (2022 жылы – 11,6 есе) айтарлықтай қысқарғаны байқалады. Алайда, Қытайға бидай жеткізілімінің қысқаруына қарамастан, жеткізілімдер Орталық Азия елдері мен Иранға бағытталды. Қытайға зығыр тұқымының экспорты 2020 жылы 13,2 есе, 2021 жылы 4,5 есе, 2022 жылы 14,5 есе өсті. Күнбағыс майын жеткізу де өсті

1-кесте

Қытайға тауарларды нақты мәнде экспорттау, 2019 жылға қатысты өзгеріс %-бен

Тауарлар тобы	өлш. бір.	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл
Бидай және меслин	тонна	422 587,65	-42,8%	-74,6%	-91,3%
Ұнтақталған немесе ұнтақталмаған зығыр тұқымдары	тонна	11 541,05	1221,9%	353,2%	1352,6%
Күнбағыс майы	тонна	41 361,62	6,8%	-84,9%	77,8%
Темір кендері мен концентраттары	тонна	1 683 088,33	279,2%	176,7%	234,0%
Мыс кендері мен концентраттары	тонна	664 780,69	42,5%	24,6%	82,9%
Мырыш кендері мен концентраттары	тонна	52 982,55	77,5%	-19,4%	272,7%
Бағалы металдар кендері мен концентраттары	тонна	94 993,50	-15,5%	-14,5%	-40,1%
Шикі мұнай	тонна	2 460 428,70	55,4%	47,0%	117,3%
Мұнай газдары	мың текше метр	7 432 748,00	-0,9%	-13,4%	-31,8%
Химиялық радиоактивті элементтер	тонна	7 999,75	56,5%	-7,4%	-8,9%
Ферроқорытпалар	тонна	720 563,20	28,7%	-13,0%	-19,1%
Тазартылған мыс	тонна	275 404,76	18,3%	-14,3%	-0,1%
Өңделмеген мырыш	тонна	234 504,77	-5,2%	-15,7%	-93,2%

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Талданатын кезеңде Қытайдан **импорт** 2020 жылы 6,0%-ға төмендеді. Одан әрі 2021 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстандағы эпидемиологиялық жағдайдың жақсаруына қарай 2019 жылға қарай импорт 21,2%-ға, ал 2022 жылы 61,8%-ға өсті. 2019 жылы Қытайдан келетін импорт құрылымындағы (құндық мәнде) ең үлкен үлес: машиналар мен жабдықтарға (45,7%), химия өнеркәсібі өнімдеріне (11,6%), металдар мен олардан жасалатын бұйымдарға (11,1%), тоқыма бұйымдарына (6,6%), аяқ киім мен бас киімдерге (4,3%), дайын азық-түлік тауарларына (2,8%) тиесілі болды. 2022 жылы Қытайдан келетін импортта машиналар мен жабдықтардың үлесі 55,5%-ға дейін, тоқыма бұйымдарының үлесі 10,8%-ға дейін ұлғайды. Бұл ретте металдар мен олардан жасалатын бұйымдар үлесі 8,1%-ға дейін төмендеді.

Пандемия кезеңінде (2020-2022 жылдары) қашықтан жұмыс істеу режиміне өтуге байланысты Қазақстанда заттай мәнде есептеу машиналары мен телефон аппараттарын сатып алу өсті (2-кесте). Сондай-ақ, тоқыма бұйымдарын жеткізудің 2020 жылы 12,4%-ға, 2021 жылы 66,5%-ға, 2022 жылы 72,5%-ға ұлғайғаны байқалады. Бұл ретте 2020 жылы шиналарды, покрышкаларды, бульдозерлерді, электр трансформаторларын, электрлік генераторлық қондырғыларды жеткізу төмендеді. 2021-2022 жылдары барлық аталған тауарларды сатып алу қайта ұлғайды. Чиптердің жалпы тапшылығы аясында Қазақстанға жеткізу шектеулі болды.

Қытайдан тауарларды заттай мәнде импорттау, 2019 жылға қатысты өзгеріс %-бен

Тауарлар тобы	өлш. бір.	2019 жыл	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл
Телефон аппараттары	тонна	2 167,93	11,6	12,5	36,8
Есептеу машиналары	дана	391 853,00	178,4	57,7	150,1
Электрлік генераторлық қондырғылар	тонна	8 573,46	-1,5	125,0	369,1
Бульдозерлер	дана	416,00	-19,2	10,1	54,3
Трансформаторлар	тонна	7 475,26	-47,1	19,9	16,1
Диодтар, транзисторлар және жартылай өткізгіш құрылғылар	тонна	32 390,20	-45,4	-81,1	-81,4
Шиналар мен покрывкалар	тонна	38 957,96	-0,5	1,8	72,8
Металлдар мен олардан жасалатын бұйымдар	тонна	578 302,51	-29,1	-32,5	-18,6
Тоқыма және тоқыма бұйымдары	тонна	143 966,93	12,4	66,5	72,5

Дереккөзі: ҚР СЖРА ҰСБ

Осылайша, елдер арасындағы экспорт пен импорт құрылымын талдауда Қазақстан үшін Қытай шекарасының ашылуы көбінесе оң сипатқа ие екені көрінеді. Біріншіден, Қазақстан өнімінің экспорты, сәйкесінше экспорттық түсім айтарлықтай өсуі мүмкін. Екіншіден, Қытай шекарасының ашылуы аясында Қытайдың басқа әріптес елдеріне Қазақстан арқылы транзиттік тасымалдардың өсу ықтималдығы артады. Екінші жағынан, Қытай экономикасының күрт өсуі және оған байланысты энергия тасымалдағыштар бағасының ықтимал өсуі нарықтардағы құбылмалылықтың, ұлттық валютаға қысымның күшею тәуекелін және әлемдік инфляцияның өсуін айтарлықтай арттырады.


### 3.2. Ішкі экономиканың дамуы

**Тұтынушылық сұраныс 2022 жылғы төртінші тоқсанда оң болды, бірақ халықтың нақты кірісінің төмендеуіне байланысты едәуір шектелді.**

2022 жылғы бірінші тоқсандағы қысқа мерзімді сәтсіздіктерден кейін нақты бөлшек сауда айналымының көлемі 2021 жылғы орташа деңгейден және тарихи мүмкіндіктен аса отырып, қалпына келді (33-график). Бұл ретте, 2022 жылы тауар айналымының құбылмалылығы біршама өсті, бұған халықтың бағаның ары қарай өсе беретінін күте отырып, артығымен сатып алуына апарған халықтың жоғары инфляциялық күтулері, сонымен қатар геосаяси шиеленістің күшеюі аясында Ресей Федерациясы азаматтары тарапынан қосымша сұраныс әсер етті (34-график).


Оң сұраныс аясында халықтың карталары бойынша ақша қозғалысы қатты өсті. 2022 жылы тауарлар мен қызметтер бойынша халық төлемдерінің өсу қарқыны оң динамиканы көрсетті (35-график).

33-график. 2014 жылғы бағамен бөлшек сауда айналымы, млрд теңге




Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептері

34-график. Бөлшек сауда айналымының динамикасы, %




Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептері

35-график. Карталар бойынша тауарлар мен қызметтер үшін төлемдер, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептері

36-график. Халықтың ақшалай кірісі, ж/ж



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептері

\* 2022 жылғы 4 тоқсандағы алдын ала деректер

Елдегі азық-түлік өндірісінің тұрақты өсуіне және импорттың шамалы ұлғаюына қарамастан, азық-түлік тауарларының айналымы теріс динамиканы көрсетті. Жалпы, азық-түліктің бөлшек тауар айналымының қысқару үрдісі 2021 жылы байқалған, атап айтқанда ет пен олардан жасалатын өнімдерді, сүт өнімдерін, нан-тоқаш өнімдерін, қант пен сусындарды тұтынудың төмендегені байқалады. Бұл ретте 2022 жылы азық-түлік тауарларының көтерме тауар айналымы 18,3%-ға (ж/ж) өсті. Бұл пандемиядан кейінгі халықтың көрсетілетін қызметтерге, атап айтқанда кафелер, мейрамханалар, салтанатты іс-шараларды өткізу қызметтеріне сұранысының қалпына келуіне, сондай-ақ «сыртта тамақтанудың» ұлғаюына байланысты болуы мүмкін.

Сонымен қатар, жоғары инфляциялық процестер және халықтың нақты кірісінің тиісінше төмендеуі тұтынушылық сұраныстың белсенді іске асуын тежеді. Экономикадағы номиналды кірістің өсуіне қарамастан, нақты кірістің жыл соңына қарай теріс аймаққа көшуе отырып, төмен деңгейде қалды (36-график).

Нақты кіріс құрылымында жалдамалы жұмысшылардың еңбекақысын қоспағанда, барлық құрауыштары теріс үлес қосты. Әлеуметтік трансферттер бойынша жыл соңына қарай трансферттерге арналған бюджеттің нақты шығысының айтарлықтай жеделдегені байқалады.

2022 жылы еңбекақы төлеу қорының едәуір кеңейгені байқалды, оның бір бөлігі ең төменгі жалақыны өсіруге арналды (өсімге қосқан үлесі – 9 п.т.) (37-график). 2022 жылғы төртінші тоқсанда мемлекеттік сектордағы өсу қарқыны бәсеңдеген кезде жеке сектордағы еңбекақы төлеу қорының өсуі жалғасты. Алайда, номиналды жалақының 20%-дан жоғары өсуіне қарамастан, жыл соңына қарай инфляциялық процестердің жеделдеуі экономикадағы нақты жалақының айтарлықтай бәсеңдеуіне алып келді. Мәселен, СЖРА ҰСБ-ның алдын ала деректері бойынша 2022 жылғы төртінші тоқсанда нақты жалақы жыл басымен салыстырғанда жылдық мәнде айтарлықтай (2,8%-ға дейін) бәсеңдеді (38-график).


Сонымен қатар, нақты жалақының өсу қарқыны қалыпты экономикалық белсенділік жағдайында бәсеңдеу үрдісін көрсеткен еңбек өнімділігінің өсу қарқынынан асып түседі, бұл ұсыныс тарапынан қосымша инфляциялық қысым жасайды.

Еңбекақы қорының едәуір кеңеюі өндірушілердің шығысына тікелей әсер етеді және басқа факторлармен қатар экономикадағы өзіндік құнның өсуіне алып келеді (39-график). Былтырғы жылы кейбір салаларда өзіндік құнның рекордтық өскені байқалды. Сонымен қатар, 2022 жылы өндіріске жатпайтын шығыс рекордтық дәрежеде өсті, бұл өткізу, сату, жарнама, логистика шығыстары мен басқа да шығыстардың өскенін көрсетеді.


**2022 жылғы төртінші тоқсанда экономикадағы инвестициялық белсенділіктің өсуі жалғасты, бірақ 2022 жылғы үшінші тоқсанмен салыстырғанда 8,8%-ға (ж/ж) дейін бәсеңдеді.** Негізгі капиталға салынатын инвестициялардың өсуі өңдеу өнеркәсібін, кәсіби, ғылыми және техникалық қызметті, өнер, ойын-сауық және демалыс секторларын қоспағанда, экономиканың барлық салаларында байқалды. 2022 жылы тұрғын үй-коммуналдық қызмет көрсететін секторларға салынатын инвестициялар қысқарды. Атап айтқанда, сумен жабдықтауда 1,7%-ға (ж/ж), электрмен жабдықтауда 3,1%-ға (ж/ж) төмендеді. Электрмен жабдықтау саласындағы негізгі капиталға салынатын инвестициялар үшінші жыл қатарынан қысқаруда, бұл негізгі қорлардың қатты тозуымен қатар электр станцияларының бұзылуына және істен шығуына апарады, сондай-ақ олардың болашақта пайда туындау қаупін арттырады. СЖРА ҰСБ деректеріне сәйкес 2021 жылдың қорытындысы бойынша электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және бапталған ауамен жабдықтау секторындағы кәсіпорындардың негізгі қорларының тозу дәрежесі 71,7% болды, оның ішінде құрылыстардың тозуы 78%-ға, машиналар мен жабдықтардың тозуы 62,2%-ға жетті.

2023 жылғы қаңтарда негізгі капиталға салынатын инвестициялардың өсуі жалғасып, 18,3%-ға (ж/ж) дейін қарқындады.

37-график. Еңбекақы төлеу қорының динамикасы, ж/ж, %



38-график. Экономикадағы жалақы динамикасы, ж/ж, %



39-график. Экономикадағы өзіндік құн, ж/ж




40-график. Негізгі капиталға және құрауыштарына инвестициялар, ж/ж




Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

41-график. Тұрғын үй құрылысына нақты бағамен инвестициялар және жылжымайтын мүлік нарығындағы белсенділік, ж/ж



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

42-график. Жинақталған қорытындымен тауарлардың негізгі топтары бойынша экспорт, ж/ж, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ МКК, ҚРҰБ есептеулері

Технологиялық шығынның түрлері бойынша инвестициялардың көзі - құрылыс және күрделі жөндеу жұмыстарының 10,3%-ға өсуі болып қала береді (40-график). 2022 жылғы төртінші тоқсанда негізгі құралдарды жаңартуға инвестициялардың 32,4%-ға өсуі жалғасын тапты (ж/ж).

2022 жылы инвестициялардың басым көздері кәсіпорындардың меншікті қаражаты болып қала береді. Инвестицияларды қаржыландыруда мемлекеттік сектордың үлесі 15,5%-ды құрады.

2022 жылғы төртінші тоқсанда тұрғын үй құрылысына инвестициялардың нақты өсу қарқыны 2018 жылдың соңынан бері алғаш рет 13,3%-ға (ж/ж) қысқарды (41-график). 2022 жылғы төртінші тоқсанда тұрғын үйді сатып алу-сату мәмілелерінің саны алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда өсті, алайда, тұрғын үй жағдайларын жақсарту үшін зейнетақы жинақтарын пайдалану мүмкіндігі пайда болған 2021 жылғы деңгейден әлдеқайда төмен.

2022 жылы тауар экспорты шикі мұнайдың әлемдік бағасының айтарлықтай өсуіне байланысты номиналды мәнде 39,9%-ға (ж/ж) ұлғайды (42-график). Шикі мұнай экспорты құндық мәнде 50,9%-ға (ж/ж) ұлғайды, бұл ретте мұнайды нақты жеткізу жыл ортасында Қашаған кен орнындағы жөндеу жұмыстарына қарамастан, аз ғана (0,8%-ға, ж/ж) төмендеді. Елдер бойынша Қытайға заттай мұнай жеткізудің 47,8%-ға, Корея Республикасына – 74%-ға өскені байқалады, сонымен бірге Нидерландыға жеткізу 25,4%-ға, Үндістанға жеткізу 31,7%-ға қысқарды (43-график). Ресей тарапынан сұраныстың артуына байланысты бейорганикалық химия өнімдерінің, бағалы және сирек кездесетін жер металдарының экспорты 39,1%-ға айтарлықтай өсті.

Қара металдардың құрылымында өндіруді азайту және Ресейге жеткізу проблемаларының аясында темір рудасының экспорты қысқарып жатыр. Өндірістің өсуі жағдайында түсті металдардың жекелеген түрлерінің экспортының өсуі байқалады, атап айтқанда Қытай мен Грузияға. Қорғасын жеткізу 9,9%-ға, мырыш кеңдері мен концентраттарды жеткізу ұлғайды, бұл ретте алюминий (8,9%-ға) және мырыш (6,5%-ға) экспорты төмендеді.

Украинаға, Беларуссияға және Ресейге тас көмір экспорты төмендеді, сонымен бірге ЕО елдері мен Түркияға жеткізу ұлғайды.

Өндірісті қысқарту мен табиғи газды экспорттан ішкі нарыққа қайта бағыттау экспорттың 19,6%-ға қысқаруына әкелді.

Азық-түлік құрылымында май мен тоң майдың Өзбекстан мен Қытайға, ұнның Ауғанстанға экспорты өсті. Орталық Азия елдерінің бидайға деген сұранысы артты.

2022 жылдың қорытындысы бойынша импорт негізінен аралық тауарлар импортының өсуі аясында құндық мәнде 20,8%-ға (ж/ж) өсті. Елдер бойынша ЕО елдерінен (33,9%-ға, ж/ж) және Қытайдан (33,5%) тауарлар импортының өсуі байқалады. Бұл ретте 2022 жылдың қорытындысы бойынша Ресейден импорт 1,5%-ға (ж/ж) төмендеді (44-график). 2022 жылы Қазақстан импортының құрылымында Қытай мен ЕО-ның үлесі ұлғайып, Ресей үлесінің азайғанын айта кету керек (45-график).


Азық-түлік тауарларының құрылымында Ресей мен Ираннан сүт және сүт өнімдерінің импорты заттай өсті. 2022 жылғы наурыз-тамызда Ресейден қант экспортына тыйым салу Қазақстанға Бразилия мен Үндістаннан қант әкелудің айтарлықтай өсуіне әкелді. Ресей мен Өзбекстаннан алкогольдік ішімдіктер импорты айтарлықтай өсті. АҚШ пен Беларусьиядан ет импорты қысқарды.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлар арасында телефон аппараттарының, дәрі-дәрмектердің, шиналар мен покрывшалардың, мониторлар мен проекторлардың импорты артты. Қытай мен Түркиядан киім жеткізу көбейді. Сонымен қатар, жеңіл автомобильдердің импорты төмендеді. Ресей нарығынан ірі өндіруші кәсіпорындардың кетуіне байланысты Ресейден жуу және тазалау құралдарын әкелу азайды.

Өндіріс құралдары мен аралық тауарлардың құрылымында Беларусьиядан дизельді ішкі жану қозғалтқыштарын жеткізудің өсуі байқалады. Сонымен бірге, автомобильдерге, жылытылатын машиналар мен жабдықтарға арналған импорттық қосалқы бөлшектерге, жүктерді тасымалдауға арналған моторлы көлік құралдарына сұраныс артты.


Экспорттық бағалар индексінің жылдық өсуі 2022 жылғы төртінші тоқсанда айтарлықтай баяулады, бұл теңгенің жылдық әлсіреу қарқынының баяулауына және минералдық шикізатқа әлемдік бағаның өсуінің баяулауына байланысты. 2021 жылғы жоғары база есебінен шығу аясында 2022 жылғы төртінші тоқсанда қара және түсті металдар бағасының өсуінің баяулауы байқалады.

43-график. 2022 жылғы елдер бойынша мұнай экспорты, ж/ж, %




Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

44-график. Елдер бойынша импорт, ж/ж, %




Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ МКК, ҚРҰБ есептеулері

45-график. Импорттағы елдердің үлесі, %




Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚР ҚМ МКК, ҚРҰБ есептеулері

46-график. Экспорттық бағалар индексі, теңге, ж/ж



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

47-график. Импорттық бағалар индексі, теңге, ж/ж



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

48-график. Жалдамалы жұмысшылар және өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, % ж/ж



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

Ауыл шаруашылығы өнімдеріне экспорттық бағалардың өсу қарқыны әлемдік қорлардың жеткілікті саны жағдайында әлемдік бағалардың төмендеуі аясында баяулады (46-график).

Теңге бағамының әлсіреу қарқынының төмендеуін ескере отырып, 2022 жылғы төртінші тоқсанда импорттық инфляция инвестициялық және аралық тауарлар бағасының өсу қарқынының баяулауы аясында 16,1%-дан 12,4%-ға дейін баяулады (47-график). 2021 жылғы жоғары база есебінен шығуына байланысты құрылыс материалдары бағасының өсуінің айтарлықтай баяулауы байқалады.

### 3.3 Еңбек нарығы

**2022 жылғы төртінші тоқсанда еңбек нарығында алдыңғы тоқсандардағы үрдіс сақталды. Бір жыл ішінде жұмыс күшінің өсуі байқалды, бұл өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың да, жұмыссыздар санының да өсуіне байланысты болды. 2022 жылғы төртінші тоқсанда жұмыссыздық 4,8% деңгейіне дейін аздап төмендеді.**

2022 жылы жалпы еңбек нарығы оң динамикамен сипатталды. Жалдамалы жұмысшылар мен өзін-өзі жұмыспен қамтығандар санының орташа өсуі байқалды. Жалпы, 2022 жылы өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың құрылымы тұрақты болып қалды, санаттар арасында жұмысшылар ағыны байқалмады. Бұл ретте өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың өсу динамикасы жұмыс күшінің динамикасын толығымен қайталайды. Яғни, жұмыспен қамтудың өсуі көбінесе демографиялық процестерге байланысты (48-график).

2022 жылы жалдамалы жұмысшылардың өсуі экономиканың көптеген салаларында байқалды. Өзін-өзі жұмыспен қамтыған жұмысшылар саны 2022 жылы қалыпты қарқынмен өсті. 2022 жылғы төртінші тоқсанда жылдық өсу қарқыны біршама жеделдеді. Бұл ретте салалық бөлуде қызметкерлердің осы санатындағы өзгерістер динамикасы көп бағытты болып қалды. Осылайша, ауыл шаруашылығында, ақпарат пен байланыста, өнерде, ойын-сауық пен демалыста, жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларда өзін-өзі жұмыспен қамтығандар санының төмендеуі байқалды. Сонымен қатар, өңдеу өнеркәсібінде, сумен жабдықтауда, құрылыста, көлікте, білім беруде өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың өскенін атап өткен жөн. Бұл ретте, кейбір салаларда өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың өзгеру динамикасы көп бағытты болып қала береді.

2022 жылы өзін-өзі жұмыспен қамтыған халықтың өсуімен бір мезгілде уақытша жұмыспен қамтылмаған халық санының өсуі және халықтың жұмыспен қамту органдарына өткен жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда өтініштерінің өсуі байқалды (49-график). Бұл ретте 2022 жылғы төртінші тоқсанда уақытша жұмыссыздар саны алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда дәстүрлі түрде төмендеді, бұл бірінші кезекте қызметкерлердің демалыстан оралуына байланысты (атап айтқанда, білім беру). Уақытша жұмыссыздардың саны бұрынғы жылдардың мәнінен әлі де жоғары екенін айта кету керек. Бұл қалыпты экономикалық белсенділікке байланысты болуы мүмкін.

2022 жылы белгіленген жұмыс күнінен аз жұмыс істейтін жұмысшылар санының төмендеуі байқалды. Мұндай жұмысшылар арасындағы ең үлкен үлесті жұмыс көлемі жеткіліксіз адамдар, сондай-ақ жеткілікті табыстың болуына байланысты алады.

2022 жылы еңбек өнімділігі қалыпты қарқынмен өсуде. Бұл ретте, жоғары инфляция аясында экономикадағы жалақының нақты өсу қарқынының баяулауына қарамастан, еңбек өнімділігі баяу өсуде. Бұл жағдай экономиканың көптеген секторлары үшін өзекті болып қала береді, бұл кәсіпорындардағы өнімнің өзіндік құнына жоғары әсер етеді.

Экономиканың кейбір салаларында еңбек өнімділігінің жағымсыз үрдісі байқалады, бұл жұмыспен қамтумен салыстырғанда салада қосылған құнның артта қалуымен не іскерлік белсенділіктің теріс динамикасымен байланысты.

Осылайша, проинфляциялық қысым экономиканың көптеген салаларында байқалады. Өңдеу өнеркәсібінде, құрылыста, саудада, байланыста нақты жалақының өсуі еңбек өнімділігінің тиісті өсуімен қатар жүрмейді (50-график). Тау-кен өнеркәсібінде, электрмен жабдықтауда, сумен жабдықтауда, көлікте, тұру және тамақтану қызметтерінде, мемлекеттік басқаруда, кәсіптік және ғылыми-техникалық қызметте жалақы өскенде өнімділік төмендеді.


Ауыл шаруашылығында, қаржылық және сақтандыру қызметінде, өнерде, ойын-сауықта және демалыста, әкімшілік және көмекші қызмет көрсетуде еңбек өнімділігі нақты жалақыдан жылдам өсуде (50-график).

49-график. Жұмыссыздық деңгейі және уақытша жұмыспен қамтылмаған халық, %



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ

50-график. 2022 жылғы төртінші тоқсандағы СЭҚ бойынша еңбек өнімділігі және нақты жалақы, ж/ж



Дереккөзі: СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есептеулері

## 2-бокс. Әлемде және Қазақстанда электрондық сауданың дамуы: инфляциялық процестерге және монетарлық саясатқа әсері

Электрондық коммерция нарығы жеке тұтынушыға цифрлық арналар арқылы заттай тауарларды сатуды қамтиды (B2C). Statista деректері бойынша, әлемдегі бөлшек электрондық сауда 2021 жылы 5,2 трлн АҚШ долларына жетті. Онлайн-арналар әлемдегі бөлшек сауданың шамамен 18% құрады. 2026 жылға қарай сауда көлемі 8,1 трлн АҚШ долларына дейін (56%-ға өсу) өседі деп болжануда.

Қытайдың электрондық коммерция нарығы әлемдегі ең үлкен нарық болып табылады, интернет-сатылым елдің бөлшек саудасының жартысына жуығын құрайды. Сонымен бірге, электронды бөлшек сауданың үлкен үлесі Ұлыбританияда (36%), Оңтүстік Кореяда (32%), Данияда (20%) тіркелген. Таяу болашақта электрондық коммерцияның ең жылдам дамып келе жатқан нарықтары Азия елдері (Үндістан, Филиппин және т.б.) болады деп күтілуде.

Пандемияға дейінгі деңгеймен салыстырғанда, халық сауда жасау үшін интернет-дүкендерді көбірек пайдаланады. Бұл әсіресе азық-түлік пен күнделікті тауарларға қатысты. Екінші жағынан, ковидтік шектеулер алынып тасталғаннан кейін нақты дүкендерге оралу да байқалады.

